

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
«МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛЫҚ ШАҚ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

«БАЛАБАҚША – МЕКТЕП – КОЛЛЕДЖ – ЖОО»  
МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ҮЗДІКСІЗ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІНІҢ  
«БАЛАБАҚШАДАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛІ» (А-0)

---

БАҒДАРЛАМА

АСТАНА  
2014

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің  
«Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы базасында әзірленген*

**Пікір жазғандар:**

Жұмабекова Ф.Н. педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

Самратова Б.К. тәжірибелі педагог

Джукенова Н.К. әдіскер

«Балабақша – мектеп – колледж – ЖОО» Мемлекеттік тілді үздіксіз оқыту жүйесінің «Балабақшадағы қазақ тілі» (А-0) бағдарламасы. –Астана, – 2014, – 56 б.

Бағдарлама мектепке дейінгі жастағы балалардың жас ерекшелігіне сәйкес тілді үйретудің халықаралық стандарттары негізінде әзірленген. Бағдарлама бүлдіршіндерге негізгі тілдік дағдыларды меңгертуге және әлеуметтік ортада мемлекеттік тілде қарым-қатынасқа қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған. Аталған бағдарлама мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының әдіскерлеріне, тәрбиешілеріне және қазақ тілі пәнінен сабақ беретін мұғалімдерге, педагогикалық жоғары оқу орындары мен колледждерінің студенттеріне арналған.

«Мектепке дейінгі балалық шақ»  
республикалық орталығы, 2014

## КІРІСПЕ

Елбасы Н. Назарбаев ағымдағы жылғы халыққа Жолдауында: «Ұлттық білім берудің барлық буынының сапасын жақсартуда бізді ауқымды жұмыс күтіп тұр. Сондықтан, оларға заманауи бағдарламалар мен оқыту әдістемелерін, білікті мамандар ұсыну маңызды», - деп атап көрсеткен. Осыған орай, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту жүйесіне тілді меңгерудің халықаралық стандарттары негізінде әзірленген «Балабақшадағы қазақ тілі» (А-0) бағдарламасын енгізу жоспарланып отыр.

XXI ғасыр – жаңа технология мен ақпараттандыру ғасыры болғандықтан, заман талабына сай еліміздің білім беру жүйесінің алдына да жаңа міндеттер жүктеліп отыр. Білім берудің негізгі мақсаты – білім мазмұнының жаңаруымен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен түрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыру.

Дүниежүзінің әдістеме ғылымында тілді оқытудың ең басты бағыты - қатысым әдісінің маңызы зор болғандықтан, мемлекеттік тілді өзге ұлт өкілдеріне меңгерту осы әдіс арқылы қолға алынды. Қатысымдық әдіс арқылы оқытудың алғаш әдістемелік негізін қалаған профессор Ф.Оразбаева мынадай анықтама береді: «Қатысымдық әдіс – оқушы мен оқытушының тікелей қарым-қатынасы арқылы жүзеге асатын, белгілі бір тілде сөйлеу мәнерін қалыптастыратын, тілдік қатынас пен әдістемелік категорияларына тән басты белгілер мен қағидалардың жүйесінен тұратын, тіл үйретудің тиімді жолдарын тоғыстыра келіп, тілді қарым-қатынас құралы ретінде іс жүзіне асыратын әдістің түрі».

Қатысымдық ұғым – *коммуникация* латын тілінен аударғанда (*Communicatio* – байланыс, қатынас) араласу, ойлармен, идеялармен, деректермен бөлісу деген мағына береді. Сондықтан *коммуникативтік әрекет* танымдық қызмет арқылы тілдің көмегімен жүзеге асырылады. Адамдар ақпаратты жай қабылдап қана қоймай, түсініп, терең сезінгенде ғана ортақ мәмілеге келу, тіл табысу жүзеге асады. Кез келген қатысым үдерісі іс-әрекет, қарым-қатынас, танымнан тұрады.

Ал, таным – балалардың жаңа білімді игеру үдерісі. Түсіндірме сөздіктерде “таным – білімге қол жеткізу, тиісті білімді алу”, “тану – заттардың пайда болуын, маңызын білдіреді” деген анықтама береді.

Таным – баланың ерте жастан бастап, жаңа әрі тың білімді игеріп, рухани байлығының өсуі. Тіл үйрету барысында балалардың дүниетанымын кеңейту – сол халықтың әдет-ғұрпы, салт-санасы, мәдениеті, тарихы, әдебиетін үйреніп, зерттеп-білумен тікелей байланысты. Таным – ақиқатқа жету, бұрын таныс емес шешімдерді іздеу, жаңалық ашу.

Қатысым әдісі – тілді жылдам, әрі сапалы меңгертуге, оны кез келген ортада еркін тілдік қатынасқа түсе алатын дәрежеге жеткізуге мүмкіндік береді. Демек, бұл әдістің негізгі мақсаты – тіл үйренушілерді сөйлесім әрекетіне баулу.

Білім беру жүйесінің алғашқы деңгейі мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту ұйымдары болғандықтан, аталған бағдарламада мемлекеттік тілді меңгерту жолдары қатысым әдісі арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтуде халықаралық стандарттар негізінде әлем тілдерін дамыту тәжірибесіне сәйкес тілді оқытудың білім мен коммуникативтік біліктілік деңгейін анықтайтын *A, B, C* деңгейлері бойынша оқыту қолға алынды.

Еуропалық деңгейлер жүйесіне сәйкес еліміздегі әдістемеші-ғалымдар да өзге ұлттарға қазақ тілін алты деңгей бойынша үйретуді ұсынды. Ол деңгейлер жүйесі – *A1, A2, B1, B2, C1, C2* деп аталатын үш ірі деңгейден тұрады. Сондықтан мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту жүйесін тілді меңгерудің ең төменгі сатысы *A0* деңгейінен бастап оқыту көзделіп отыр.

Бағдарлама негізінде мектепке дейінгі жастағы балаларды алғашқы тілдік білім негіздерімен тәрбиелеу, тіл арқылы қарым-қатынас жасау қызметінің барлық дағдысын (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) меңгерту.

*Тыңдалым* – дыбысталып жатқан сөйлеуді бір сәтте қабылдау қызметі. Тыңдалым баланың сөйлеу әрекетінің дамуына көмектеседі. Бала тыңдалым арқылы жаңа тілдік, сөйлеу және елтанымдық материалдармен танысып, сөйлеу әрекетінің барлық түрлеріне қатысты дағдысы мен шеберлігін дамытады.

*Оқылым* – мәтіндегі жазылған ақпаратты мұғалімнің көмегімен алуға бағыттау. Жалпы алғанда, оқылым – тілді меңгерудің бір тәсілі, сөздік қорды көбейтудің құралы; оқылым – грамматикалық құрылымдарды есте сақтауға мүмкіндік береді; сол тілде сөйлеуге, айтылымды жетілдіруді қамтамасыз етеді.

*Айтылым* – қабылдау және сөйлеудің туу үдерісімен байланысты. Барлық адамның сөйлеу ағзалары бірдей болғанымен, артикуляциялық базасы түрліше. Мұнда орфоэпияға көп көңіл бөлген жөн, өйткені қазақ тіліндегі сөздердің барлығы жазылуына қарай айтыла бермейді.

*Жазылым* – айтылған мәтіндегі сөздер мен сөйлемдерді сауатты жазуға бағытталады. Жазылым арқылы балалардың сөздік қорын көбейтуге болады.

Педагог мамандардың мақсаты бағдарлама негізінде мектепке дейінгі жастағы балаларға қарапайым сөйлеу дағдыларының - *айтылым, тыңдалым, оқылым және жазылым* түрлерін меңгерту арқылы сөздік қорын дамыту, тілдік дағдыларын қалыптастыру.

1. Оқылым: дауыс ырғағын дұрыс келтіру, оқылған мәтіннің мазмұнын түсіну.

2. Жазылым: Заттарды түстеріне сәйкес бояу.

3. Тыңдалым: Тақырып бойынша монологтік және диалогтік сөйлеуді меңгеру.

4. Айтылым: өз ойын, пікірін жеткізу, сұрақтар қоя білу және оларға жауап қайтара білу.

*Лексикалық тақырыптар бойынша:*

1. Ойын дұрыс жеткізе білу, оң немесе теріс жауап бере білу;

2. Өзі жайлы, отбасы жайлы әңгімелеп, ойын дұрыс айта білу;

3. Табиғаты, өзінің қызығушылығы туралы әңгімелеп айта білу;

4. Сұрақтар қоя білу және жауап бере білу.

Бағдарламада балалардың жас ерекшелігіне қарай тілдік дағдыларын қалыптастыру, айналадағы дүниеден алған әсерін кеңейту, бір арнаға түсіру көзделіп отыр. Балаларға бағдарламалық материалдар негізінде тілді меңгерту жұмыстары ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттер арқылы жүзеге асырылады.

Қазақ тіл білімінің негізін қалаушы А.Байтұрсынұлы: «... Мұғалім қандай болса, мектеп hәм сондай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, ол мектептен көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім», – деген. Сондықтан педагог әрдайым ізденісте болса ғана, шәкірт жанына нұр құя алады. Мектепке дейінгі жастағы балаларға тілді үйретудегі оқу іс-әрекеттеріндегі барлық жұмыс түрлерінің жан-жақты орындалуы, ойластырылуы педагогтың біліктілігі мен әдістемелік шеберлігіне байланысты.

Уақыт талабына сай, білім беруді одан әрі жетілдіру мәселесі толассыз дамыған тұста мемлекеттік тілді меңгертуде балалардың коммуникативтік, танымдық және басқа да белсенділіктерін арттыру жолдарын басты назарда ұстау өте маңызды.

## МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ҮЗДІКСІЗ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІНДЕ АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙДЫ ТАЛДАУ

Еліміздегі мектепке дейінгі білім беру жүйесінде 673,7 мың баланы қамтыған 8764 мектепке дейінгі ұйым жұмыс жасайды (3340 балабақша (оның ішінде қазақ тілінде - 1 979; орыс тілінде – 293; өзге де тілдерде – 5; екі тілде тәрбие беретіндер (немесе аралас) – 1063, олардың ішінде қазақ тіліндегі топтар - 4 628; орыс тіліндегі топтар - 3795; ұйғыр тіліндегі топтар - 3; өзбек тіліндегі топтар - 16; корей тіліндегі топтар - 1; неміс тіліндегі топтар – 4) және 5424 шағын орталық (оның ішінде қалалық – 1025; ауылдық – 4339).

1 жастан 6 жасқа дейінгі қамту - 48,8% болса, ал 3 жастан 6 жасқа дейін – 73,4% құрайды.

Мектепке дейінгі біліммен қамтудың ең жоғары көрсеткіштері Павлодар (100%), Қостанай (99,5%), Қарағанды (98,3%), Шығыс Қазақстан (97,4%), Батыс Қазақстан (95,7%) облыстарында байқалады.

Қазіргі уақытта мектепке дейінгі білім беру беру ұйымдарында 5644 (64%) қазақ тілінде, 2052 (23 %) - орыс тілінде, 1063 (31 %) – қазақ және орыс тілінде, 5 (0,1%) – басқа тілдерде тәрбиелеп оқыту жүзеге асырылады.

Мемлекеттік тілдің қоғамдағы мәртебесі қазақ тілінде тәрбиелеп-оқытатын мектепке дейінгі ұйымдарда өзге ұлт өкілдерінің санының күрт өсуіне байланысты. Еліміздегі өзге ұлт өкілдерінің мемлекеттік тілді үйренуге деген құлшынысының артқандығын осыдан-ақ байқауға болады.

Республика бойынша мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы қазақ топтарында 32 960-қа жуық орыс және басқа ұлт балалары тәрбиеленуде.

2010-2013 жылдар аралығында мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиелеу мен оқыту бойынша жүргізілген талдау балабақшалар желісінің және контингентінің өскенін көрсетеді:

- қазақ тілінде тәрбиелеу мен оқыту - 801 бірлікке, 97 813 бала;
- орыс тілінде тәрбиелеу мен оқыту – 21 бірлікке, 2 708 бала;
- қазақ және орыс тілдерінде - 255 бірлікке, 59 507 бала;
- басқа тілдерде – 2 бірлікке, 508 бала.

Мемлекеттік тілде тәрбие беріп, оқытатын балабақшалардың жоғары өсімі Алматы (70,8 %), Оңтүстік Қазақстан (62,6 %), Шығыс Қазақстан (56,2 %), Павлодар (43,1 %) облыстарында және Алматы (46,1 %) қаласында байқалады.

Қазақстан Республикасы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты негізінде әзірленген мектепке дейінгі ұйымдарда мемлекеттік тілді оқыту «Біз мектепке барамыз», «Зерек бала» т.б. балама бағдарламалар негізінде жүзеге асырылады. Сонымен қатар, осы бағдарламалар негізінде жасалған З.Д.Еденбаева мен Р.А.Искакованың «Қазақ тілі» әдістемелік құралы мен Р.Нұртазинаның «Тілашар 3-4 жастағы балаларға арналған қазақ тілін жедел оқыту курсы», Ф.Н.Жұмабекова мен А.А.Ойшыбаеваның (3+) Үлестірме материалдарын және т.б. көптеген оқулықтар мен электрондық оқу құралдарды атауға болады.

## **МАҚСАТЫ, МІНДЕТТЕРІ, МАҚСАТТЫ ИНДИКАТОРЛАР ЖӘНЕ БАҒДАРЛАМАНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАҒЫ КӨРСЕТКІШТЕР НӘТИЖЕСІ**

**Мақсаты:** Мектепке дейінгі жастағы балаларға тілді меңгертудің озық тәжірибелері мен түрлі әдіс-тәсілдері арқылы ерте жастан мемлекеттік тілді үйрету.

### ***Міндеттері:***

- мектепке дейінгі жастағы балаларды ерте жастан оқыту арқылы тұрақты қызығушылықтарын қалыптастыру;
- тілдің құдіретін және оның эстетикалық құндылығын сезіндіру арқылы қазақтың ұлттық мәдениетінің бір бөлігі мемлекеттік тілді құрметтеу және мақтаныш ету сезімдерін қалыптастыру;
- тілдік ұғымдар арқылы балаларды өзін тілді иеленуші тілдік тұлға ретінде сезінуге тәрбиелеу;
- ауызекі тілде қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру;
- тілдік материалдар негізінде қажетті тілдік білім-білік, дағдыларды түсініп, мазмұндап айтуға дамыту;
- алғашқы тілдік құбылыстарды танымдық нысан ретінде меңгерту, оларды талдау, салыстыру, топтау және ажырату дағдыларын қалыптастыру;
- тілді меңгертуде инновациялық технологияларды, әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалану;
- баланың өзіндік іс-әрекеті арқылы оның белсенді, креативтік, сын тұрғысынан ойлауын жетілдіру.

### ***Мақсатты индикаторлар:***

- Еліміздегі мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік тілді еркін меңгерген балабақша түлектерінің санын арттыру;
- Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері мен қазақ тілі пәні мұғалімдері бұқаралық ақпарат құралдары арқылы (әдістемелік басылымдар) қазақ тілін оқытудағы жетістіктері мен кемшіліктері жайында іс-тәжірибе алмасуды нығайту;
- Мектепке дейінгі ұйымдар жанындағы және жекеменшік орталықтардағы мемлекеттік тілді оқытуды біріздендіру;
- Қоғамдағы үш тілді (мемлекеттік, орыс және ағылшын) меңгерген балалардың үлесін ұлғайтудың тиімді жолдарын қарастыру.

### ***Бағдарламаны жүзеге асырудағы көрсеткіштер нәтижесі:***

- мектепке дейінгі ұйымдарда озық тәжірибелі, жаңа технологиялардың қыр-сырын жете меңгерген жоғары санатты мамандардың санын арттыру;
- онлайн режимі арқылы қашықтықтан қол жеткізу мүмкіндігін пайдалана отырып ұйымдастырылған мектепке дейінгі ұйымдарда мемлекеттік тілді оқытатын мамандардың біліктілігін арттыруға бағытталған іс-шараларды нығайту;

- мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған мемлекеттік БАҚ эфиріндегі мемлекеттік тілдегі жаңа телевизиялық жобалар санын арттыру;
- мектепке дейінгі ұйымдардағы мамандарға арналған мемлекеттік тілде шығатын әдістемелік басылымдардың үлесін арттыру;
- мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу ұйымдарын тілді үйретудің халықаралық стандарттары негізінде құрастырылған жаңа оқу әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету.



## **БАҒДАРЛАМАНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ КЕЗЕҢДЕРІ**

*Бағдарламаны жүзеге асыру кезеңдері: 2015-2020 жылдар*

Бірінші кезең: 2015-2016 жылдар;

Екінші кезең: 2017-2018 жылдар;

Үшінші кезең: 2019-2020 жылдар.

Бағдарламаны жүзеге асыру барысында атқарылатын жұмыстар:

- Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы педагогтарға арналған қайта даярлау және білімін көтеру курстарын жетілдіру;
- Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы қазақ тілін оқытудың әдістемелік құралдарын қазіргі заман талабына сай әзірлеу;
- Мектепке дейінгі ұйымдарда мемлекеттік тілді оқытуды біріздендіру;
- Мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі стандарттар деңгейінде сапалы білім беру;
- Инновациялық технологияларды меңгерту арқылы педагогтардың тәжірибелерін ұштастыру;
- Тілді оқытуда балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, сөйлеу мүмкіндіктеріне сай тапсырмалар әзірлеу;
- Мемлекеттік тілде әлеуметтік мәдени қарым-қатынасқа дайын, қоршаған әлеммен вербальды және вербальды емес құралдар арқылы тілдесуге қабілетті мектепке дейінгі тұлғаны тәрбиелеу.

### ***Балалардың жас ерекшелігіне қарай тілдік және танымдық қабілеттерін қалыптастыру***

Балалардың сөздік қорларын дамыту, әрі оларды күнделікті іс-әрекет кезіндегі тілдік қарым-қатынаста еркін қолдануға жаттықтыру жолдары бағдарламада жас ерекшеліктеріне қарай жүзеге асырылады.

Балалардың жас ерекшеліктерін білу педагог үшін баланың жеке басының ерекшелік қасиетін дұрыс қалыптастыруға, оның күш қуатын және ақыл-ойын дұрыс бағалай білуге үлкен мүмкіндік туғызады. Педагогика ғылымының көрнекті қайраткері Н.К.Крупская: «Педагог, біріншіден, не білуі тиіс, - ол адам денесінің құрлысы мен қызметін яғни, адам денесінің анатомиясы мен физиологиясын және оның дамуын. Онсыз жақсы педагог болуға, баланы дұрыс өсіріп, тәрбиелеу мүмкін емес» деген.

Балалардың жас кезеңдеріне тәуелді морфологиялық және физиологиялық ерекшеліктерді білу, оны тәрбие жұмыстарында тиімді пайдалану - әрбір педагогтың міндетті ісі.

Әсіресе, жас мамандардың педагогтік шеберлігінің дұрыс қалыптасуында баланың жас ерекшеліктеріне тән қабылдау және ойлау процестері, оның жеке басының даму заңдылықтары жөнінде білу өте маңызды. Бала өмірінің екінші жылында сөйлейді, жүре бастайды, заттармен әрекет жасаудың қарапайым тәсілдерін меңгереді. Ол әлі де ересектердің көмегін қажет етеді, бірақ сәбилерге

қарағанда, онда талпыныс, ересектерге түсіндіре білуге деген ұмтылыс пайда болады.

Екі жаста қарқынды даму бағыттары айқындалады. Бұл ересек адамдардың тілін түсіну және сөйлеу қабілетінің дамуы, сенсорлық даму, заттармен әрекеттің, ойындардың, қимыл-қозғалыстарының, дербестіктің дамуы. Дамудың әр бағыты басқа бағыттармен байланысты дамиды. Мысалы, заттармен әрекет жасаудың және ойынның дамуы қимыл-қозғалыстың дамуымен, ал 1 жас 6 айдан кейін сөздерді түсінуімен тығыз байланысты. Дамудың бұл бағыттары осы жаста ерекше маңызды, өйткені олар едәуір күшті болып табылады және жағымсыз факторлар әсеріне (нашар анамнез, аурушандық, педагогикалық әсерлердің жетіспеушілігі және т.б.) аз ұшырайды. Белсенді тілдің дамуы – жағымсыз факторлардың әсеріне едәуір сезімтал жаңа бағыт.

Екі жас – тіл дамуы өте қарқынды өтетін, тілді үйретуге ерекше сезімталдық байқалатын тіл дамытудағы «сенситивті» кезең. Бала екі жасында ересек адамдардың сөздері мен сөйлемдеріне еліктеп, тілдерін түсіне бастайды. Оның белсенді сөздік қоры өседі, бала тілдің грамматикалық құрылысын меңгереді, сөйлемдерді қолдана бастайды.

Тілді түсіну біртіндеп болатын процесс. Бұл процесстің дамуы үшін бір жарым жасқа дейін заттар, қимылдар мен олардың атаулары арасындағы байланыс қарқынды орнай бастайды, бұл байланыстар алдымен әлсіз болады, оларды нығайту үшін арнайы жағдайлар қажет. Жекелеген анализаторлардың (қозғалыс, көру, есту қабілеттері) арасындағы байланыс тым берік болмайды, бала ересектерді түсінгенімен, оларға назар аудармауы мүмкін.

Бірінші жарты жылдықта тіл айтарлықтай қарқынмен дамиды; сөйлеуге еліктеу қабілеті жетіледі, былдыры күрделенеді; бір жарым жасында белсенді сөздік қоры 30-40 сөзге жетеді.

Екінші жарты жылдықта белсенді тіл дамуында айтарлықтай өзгерістер болады: белсенді сөздік қоры 200-300 сөзге дейін артады. Бала тілінде зат есімдердің септік және көптік жалғаулары, етістіктің бұйрық райы мен өткен шақ пен келер шақ түрлері пайда болады. Бала кейбір дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтады.

Екі жастың соңына қарай тіл өзінің негізгі қызметі – қоршаған ортамен қарым-қатынас қызметін атқара бастайды. Бала тілді, ең алдымен, ересек адамдармен әңгімелесуде қолдана бастайды. Бұл жастағы балалар суреттегі өздеріне жақсы таныс қарапайым сюжеттерді түсініп қана қоймай, сонымен бірге ересектердің кейбір сұрақтарына жауап бере алады.

Бала үшін тіл қоршаған ортамен қарым-қатынас жасау құралы, ал ересектердің тілі балаларды тәрбиелеудің негізгі құралы болып табылады.

Бала үшін ойынның және заттармен әрекет жасаудың алар орны ерекше. Өмірінің екінші жылында бала ойында заттармен манипуляция жасаумен айналысуды жалғастырады: алмалы-салмалы ойыншықтармен ойнайды, текшелерді бірінің үстіне бірін қояды, пирамида дінгегінен шығыршықтарды алып, қайта кигізеді. Заттармен әрекет жасай отырып, олардың қасиеттерімен танысады. Заттармен әрекет жасау еліктеу қабілеттері мен қол қимылдарының

үйлесімді дамуының арқасында біртіндеп күрделі сипатқа ие болады. Бала кірпіштерді қырымен қояды, қоршау жасайды, таныс заттарды (поезд, орындық) атайды және тағы басқа заттарды қолдана отырып, салыстыруға, теңестіруге үйренеді, яғни іс-әрекетті ойлана отырып жүргізеді.

1 жас 3 айдан бастап, 1 жас 6 айға дейін бала жаңа іс-әрекеттерді орындай бастайды, ересектер мен жасы үлкен балалардың іс-әрекеттеріне қарай отыра, тәрбиешінің қимылын қайталап, көргендерін орындайды. Ол бейнелеу әрекеттері деп аталады, 2 жастың соңына қарай бірізділікті қажет ететін сюжеттік ойындарға ауысады. Өйткені, бір жарым жасқа дейін бала көзбен көргенінің әсерінде болады, оның тәжірибелері мардымсыз, ойындары тұрақсыз, ал ойын жағдайын тәрбиеші дайындайды. Келесі жарты жылда ойын едәуір тұрақты бола бастайды, бала бір затпен әртүрлі іс-әрекеттер орындайды. Егер бір жарым жасқа дейін бала бір іс-әрекетпен 2-4 минут айналысса, екі жасқа қарай, өз әрекетін сөзбен түсіндіре отыра, 5-7 минутқа дейін айналыса алады. Біртіндеп ойын барысында ойлау қалыптаса бастайды: бала ойында ауыстырғыш заттарды қолданады, ересектердің қимылына еліктейді, өзінің іс-әрекетін басқа жағдайға ауыстыра алады. Балада көрнекі-қимылды ойлау қабілетінің негізі қалыптаса бастайды.

Ересектер балаларға белгілі талап қойып, оларды орындауға көмектеседі. Өзін-өзі ұстаудың қарапайым ережелерін орындап, ұқыптылықты сақтауға үйретеді. Белгілі міндеттерге сәйкес үй тұрмысындағы заттарды қолдана білу біліктерін қалыптастырады. Құрал ретінде кейбір тұрмыстық заттарды қолдана білу қабілеттерін дамытады. Баланың мінез-құлқын жетілдіруде, тілді меңгеруде және ойын әрекеттерін дамытуға баланың еліктеу қабілеті маңызды орын алады: бір жарым жастан кейін бала ересектердің қимылдарын қайталап қана қоймай, өзі көрген қимылдарды қайталай бастайды.

Екі жаста негізгі қимылдардың барлық түрлері жетіледі, сонда да кейбір анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктерге байланысты: бұл жастағы баланың аяқтары қысқа, басы үлкен, денесі ұзын; қимылдарды үйлестіру мен сыртқы белгілерге сәйкес ауыстыру іскерліктері жеткіліксіз.

Екінші жылдың басында жүру әлі де жеткілікті үйлеспейді: балаға түзудің бойымен жүріп өту қиын, шөп, тас, төбешіктер мен ойлар күрделі кедергілер болып табылады. Балаларға қоршаған ортадағы қимылдармен өзінің қимылын сәйкестендіру, кеңістікке бағдарлану қиынға соғады, заттарға шалынып, басқа балалармен соқтығысып қалуы мүмкін. Бала өз қимылын жолда кездесетін кедергіге сәйкестендіре алмайды. Мысалы, босағаны немесе ойыс жерді аттап өту үшін аяғын ерте көтеріп қояды. Екінші жылдың бірінші жарты жылдығында баланың жүрісі жетіле түседі - бала тек тегіс еденде ғана емес, сонымен қатар далада, шөптің үстінде жақсы жүре бастайды, төбешіктерге өрмелейді, үлкендердің көмегімен сатылардан өтеді. Лақтыру мен өрмелеу жетіледі, балалар төбешікке, диванға, орындыққа өрмелеп, түрлі кедергілерден (бөрене, орындық) асып өтеді, олардың қимылдары үйлесімді, епті бола бастайды. Біртіндеп балалар өздерінің қимылдарын басқа балалардың қимылдарымен сәйкестендіріп, қимыл-қозғалыс дағдыларын жақсы меңгере бастайды.

Балалар заттарды ауыстырып, олармен түрлі қимылдар орындағанды жақсы көреді. Қимылдардың қарапайым түрлерін меңгеруіне байланысты заттар мен олардың қасиеттерін (пішіні, көлемі, түсі, т.б.) қабылдау қабілеттері жетіледі. Бала таныс заттарды өлшемі, реңкі мен орналасу орнына қарамастан тани алады. Алғашқы көрнекті жалпылауы дамиды. Белгілі түсі, пішіні, өлшемі бойынша заттарды іріктей алу қабілеттері пайда болады. Балалар өздерінің іс-әрекеттерін қабылдайтын заттардың қасиеттеріне, олардың пішініне, өлшеміне, кеңістіктегі орнына бейімдеуге үйренеді.

Екі жастағы бала музыка мен көркемсөзге әуес келеді. Балалар би және байсалды орындалатын музыканы түрліше қабылдайды. Қарапайым ән айту ырғақтары пайда болады, балалар жеке буындарға қосылып, ырғақты қайталайды. Қимылдарын музыкамен сәйкестендіру қабілеттері дамиды, қарапайым ырғақтылығы пайда болады, музыкамен орындалатын қимылдар әртүрлі болады.

Тәрбиелеу және үйрету әдістерінің көмегімен баланың қоршаған ортамен байланысы кеңиді: ол өзін-өзі ұстаудың кейбір ережелерін меңгереді, үлкендердің талаптары мен тапсырмаларына бағынады, ересек адамдармен бірінші болып әңгіме бастайды. Басқа балалармен қарапайым қарым-қатынастары пайда болады: бала құрбылары мен олардың әрекеттеріне еліктейді, қызығушылық танытады, бірге ойнауға тырысады, басқа балалардың ойынына қосылуға талаптанады. Екі жастағы балалардың дамуында айтарлықтай өзгерістер пайда болады, сондықтан да тәрбие жұмысында әр баланың жеке ерекшеліктерін ескеру қажет.

Мектепке дейінгі ұйымдарда қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде игеріп, тілдік қатынасқа түсудің маңызды түрі – ауызша сөйлеу тіліне үйрету. Ал толық түрде жазбаша тілдік қатынасқа түсу, яғни айтылған ойды тез түсіну, тез жауап қату біртіндеп мектепте бастауыштық және орта білімдік сатыларда, тіпті баланың бүкіл өмірінде дамытылады. Топта түркі тектес ұлттар тілінің болуы балалардың «тілдік сезімінің» біркелкілігін байқатады. Баланың үлкендермен тілдік қатынасқа түсуі олардың сезімдік қатынасынан басталады. Бұл баланың үлкендермен қатынасқа түсуінің басы болып табылады. Бала тіл дамытудың алғашқы кезеңінде-ақ үлкендерге мейіріммен жауап беруге, алғашқы дыбыстар шығаруға үйренеді. Тәрбиеші немесе айналасындағы үлкендердің алғашқы эмоциялық қатынасы, баланың болашақта осы тілде сөйлеу мәнерінің қалыптасуына негіз болып табылады.

Бір жастағы баламен қатынаста бұл кезеңде тіл немесе сөз заттарды нақты атауларын және бала мінезінің қалыптасуына басшылық жасайтын үлкендердің әрекеті кезіндегі сөздерін бейнелейді. Мысалы: отыр, тұр сияқты бұйрық сөздермен әрекетке, доп, орындық, үстел деген нақты атауларға, допты ал, орындыққа отыр дегендей бұйрық мәнді етістік тіркестермен тілдік қатынастарға бала бірден тартыла бастайды. Тілдің табиғи түрде дамуын тәрбиеші мен тіл маманы жақсы білуі тиіс. Өмірінің алғашқы жылында эмоция арқылы қатынасқа түсу баланың үлкен адамға немесе бір-біріне көңілі толу, толмау сияқты өзара әрекетте көрінеді.

Аталған бағдарлама мазмұны мектепке дейінгі жастағы балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес, олардың жеке дамуын қамтамасыз ету бағыттарына негізделіп құрылғандықтан осы жастағы балалардағы дыбыстардың пайда болу заңдылықтарына тоқталайық.

Ресейдің зертеуші ғалымы педагог, психолог А.Н.Леонтьев бала тілінің дамуын 4 кезеңге бөлген:

I кезең – дайындық – 1 жасқа дейін;

II кезең – тілді бастапқы меңгеру мектепке дейінгінің алдыңғы кезеңі – 3 жасқа дейін;

III кезең – мектепке дейінгі кезең – 6 жасқа дейін;

IV кезең – мектептік – 17 жасқа дейін.

Артикуляцияның бірінші түрі дыбыстардың пайда болу заңдылықтарында ең алдымен балаларда жабысыңқы-жарылғыш (еріндік (п, п', б, б'), тіл алды (т, т', д, д')) және жабысыңқы-өткізгіш (еріндік (м, м'), тіл алды (н, н', л, л')) дыбыстар пайда болады екен. Еріндік дыбыстардың алдымен пайда болу себебі 1-ден 2 жасқа дейін балаларда еріндер ең белсенді және қозғалмалы болып келеді. 2 жасында [п], [п'], [б], [б'], [т], [т'], [д], [д'], 2,5 жасында [м], [м'], [н], [н'], [ң] дыбыстары шықса, ал [л], [л'] дыбыстары 3,5 жасқа қарай ғана пайда болады.

Артикуляцияның екінші түрі балада саңылаудың (артикуляция мүшелерінің белсенділігі) пайда болуына негізделеді. Саңылаулы (фрикативті) [ф], [ф'], [в], [в'] (еріндік-тістік) дыбыстары 1 жыл 8 айдан 1 жыл 10 айға дейінгі аралықта пайда болады. Ал [с], [с'], [з], [з'] (тіл алды) дыбыстары 2 жыл 2 айда шығады. 2,5 жасқа қарай [о] (тіл ортасы), 2 жыл 6 және 2 жыл 7 айларында [х], [х'], [h] (тіл арты), 2 жастың аяғына қарай [к], [к'], [г], [г'], [қ], [ғ] дыбыстары пайда болады. 3 жасқа қарай балаларда барлық дыбыстар толық қалыптасады. Бірақ олар басқа дыбыстармен алмасуы мүмкін.

Артикуляцияның үшінші түрі – аффрикаттар. Ол 2-жастың аяғына қарай пайда болып, жабысыңқы мен саңылаудың тез ауысуынан шығады. Бірінші аффрикат [ц] ([т] мен [с] дыбыстарының қосындысы) 2 жыл 4 ай және 2 жыл 6 айларында, 4 айдан кейін екінші аффрикат [ч] ([т] және [щ] дыбыстарының қосындысы), яғни 2 жыл 8 ай және 2 жыл 10 айларында пайда болады.

Жұмсақ дыбыстарды айту қосымша тіл арқасындағы ортаңғы бөлігінің таңдайға көтерілуін талап етеді. Артикуляцияның бұндай түрі палладализация (Palladio-таңдай) деп аталады. 2 жасында баланың тілі физиология жағынан қарағанда ауыз қуысының түбінде жатады. Ал 3 жасқа қарай тіл көтеріле бастайды. Сондықтан да алдымен қатты, кейін жұмсақ дыбыстар пайда болады. 2,5 жаста тіл астына түседі, яғни тіл арқасының ортаңғы бөлігі автоматты түрде көтеріліп, басқарылуы мүмкін. Сондықтан бала дыбыстардың қатты да, жұмсақ та түрлерін айта алады. 2 жыл 8 ай және 2 жыл 10 айларында балада жұмсақ және қатты дыбыстардың дифференциациясы қалыптасады.

Артикуляцияның ең ауыр және соңғы, төртінші түрі келесі кезеңде көрсетіледі.

2 және 3 жаста балада сөздік қордың жиналуы байқалады.

Яғни, 1 жыл 6 айға қарай – 10-15 сөз; 1 жылдың аяғына қарай – 300 сөз (6 ай ішінде 300-ге жуық сөз); 3 жасқа қарай 1000-ға жуық сөз (яғни бір жыл ішінде 700-ге жуық сөз).

Сөздің мағынасы нақтылана бастайды. 3 жасқа қарай балада сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымы қалыптаса бастайды.

Ең алдымен бала өз тілегін, өтінішін бір сөзбен айтады. Кейін арасында байланысы жоқ қарапайым сөз тіркестерін қолданады. Одан әрі сөздер арасындағы байланыс элементтері және сөйлемдегі сөздердің бағынуы біртіндеп пайда болады.

2 жасқа қарай балалар зат есімнің жекеше және көпше түрлерінің, етістіктер шақтарының формаларын қолдану дағдыларын меңгере бастайды, кейбір септік жалғауларын қолданады. Осы кезде ересектердің сөйлеуін түсінуі дыбыстау мүмкіншілігінен біршама асып түседі.

Мектепке дейінгі (3-тен 7 жасқа дейін) кезеңдегі артикуляция түрлеріне қарай отырып, яғни дыбыстардың пайда болуын байқауға болады.

Артикуляцияның төртінші түрі – діріл (вибрация). Ол тіл арқасындағы ортаңғы бөлігінің және тіл ұшы бұлшық еттерінің қалыптасуында ғана ([p], [p']) дыбыстарын дұрыс айту), яғни 4 жаста пайда болады (қалыпты дамыған балада 2 ай ерте немесе кеш дамиды).

Мектепке дейінгі кезеңде балалардың көбінде дұрыс емес дыбыстау байқалады. Ысқырық, ызың, үнді дыбыстарды айту кезінде, сирек жұмсарту, қатаңды ұяңға айналдыру, йотация кемістіктерін байқауға болады.

4-тен 5 жасқа дейін бала барлық дыбыстарды меңгеру және олармен дұрыс қолдану қажет. Егер де бала дыбыстарды бұрмаласа, онда оған арнайы көмек керек, яғни арнайы түзету. Дыбыстардың бұрмалануы әр жаста дизонтогенездің белгісі болып келеді.

3 және 7 жас аралығында балада өзінің дыбысталуын есту арқылы бақылау дағдысы, кейбір мүмкін болған жағдайда оны түзету білігі аса дамиды, яғни фонематикалық қабылдауы қалыптасады.

Бұл кезеңде сөздік қордың тез ұлғаюы жалғасады. Балаланың белсенді сөздік қоры 4-6 жасқа қарай 3000-4000 сөзге жетеді. Сөздің мағынасы одан әрі нақтыланады және біршама байытылады. Бірақ балалар жиі сөздерді қате түсінеді немесе қолданады. Осымен қатар мұндай көрініс «тілді сезуді» куәландырады. Бұл балада сөйлеу арқылы қарым-қатынасы тәжірибесінің өсуін білдіреді және оның негізінде тілді сезінуі, жана сөздерді шығару қабілеті қалыптасады.

К.Д.Ушинский еңбектерінде тілді сезінуге ерекше мән берген. Ғалымның зерттеуінен баланың сөздегі екпін орнын, грамматикалық айналымды, сөйлемдегі сөздердің байланысу тәртібін еске түсіретінін көруге болады.

Сөздік қордың дамуымен қатар сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымы да дамиды. Мектепке дейінгі кезеңде балалар байланыстырып сөйлеуді меңгереді. 3 жастан кейін баланың сөйлеуіндегі мағынасының біршама күрделенуі болады, оның көлемі ұлғаяды. Бұл сөйлем құрылымының күрделенуіне әкеледі. Ал,

А.Н.Гвоздевтiң анықтауы бойынша 3 жасқа қарай балада барлық негiзгi грамматикалық категориялар қалыптасады.

4 жастағы балалар сөйлеуiнде жай және күрделi сөйлемдердi қолданады. Осы жаста дыбыстаудың аса таралған формасы – жай, жайылма сөйлем (Мен қуыршаққа әдемі көйлек кигiздiм. Мен жiгiтпiн).

5 жастағы балалар салалас және сабақтас сөйлемдердiң құрылымымен салыстырмалы оңай қолданады.

Осы жастан бастап балалардың сөйлеуi қысқа әңгiменi еске түсiредi. Әңгiмелесу кезiнде олардың сұраққа жауабы сөйлемдердiң көп және одан да көп сандарын өзiне қосады.

Балалар 5 жасында қосымша сұрақсыз 40-50 сөйлемдердiң ертегiнiң (әңгiменiң) мазмұнын құрастырады. Бұл кезеңде фонематикалық қабылдауы бiршама жақсарады: алдымен бала дауыссыз және дауысты дыбыстарды, кейiн жұмсақ және қатты дауыссыз дыбыстарды, соңында үндi, ызың және ысқырық дыбыстарды ажырата бастайды.

4 жасқа қарай қалыпты дамыған бала барлық дыбыстарды ажырата бiлуi керек, яғни фонематикалық қабылдауы қалыптасады.

Демек, 4 жасқа дейiнгi аралықта балада дұрыс дыбысталу толықтай қалыптасады және бала өте таза сөйлейдi.

Мектепке дейiнгi кезеңнiң аралығында контекстiк сөйлеу (жалпыланған, көрнекiлiк тiректен айырылған) бiртiндеп қалыптасады. Контекстiк сөйлеу ең алдымен баламен ертегi, әңгiме айтқан кезде, кейiн оның жеке тәжiрибесiнде болған қандай да бiр жағдайды, оның өзiндiк уайымын, әсерiн бейнелеу кезде пайда болады.

Демек, психологтардың зерттеулерiнше баланың жас кезiнде танымдық, қабылдағыштық қабiлеттерiнiң ерекше болатындығына байланысты тiлдi тез меңгеретiнiң көрсетедi. Мектепке дейiнгi кезеңде бала тiлдi меңгеруде ерекше сензитивтi, ал егер де 5-6 жасқа дейiн ана тiлiн белгiлi деңгейде меңгермесе, бұл одан кейiнгi жас кезеңiнде өз деңгейiнде болмайтынын ғалымдар дәлелдеген.

Мектепке дейiнгi бiлiм беру қазақ тiлiн оқытуға өте қолайлы кезең, себебi бұл жастағы балалар тiлдiк құбылысты қабылдау қабiлеттiлiгiмен ерекшеленедi: оларда өзiнiң сөйлеу тәжiрибесiн, тiл «құпияларын» байқау қызығушылығы пайда болады. Олар жылдам берiлген шағын материалды меңгерiп алып, оны өте жақсы керi айтып бере алады. Балалардың жасы қосылған сайын мұндай факторлар өзiнiң күшiн жоғалта бастайды.

Қай заманда да бiрнеше тiлдi меңгерген мемлекеттер мен халықтар өзiнiң коммуникациялық және интеграциялық қабiлетiн кеңейтiп отырған. Сондықтан болашақ жастарымыздың қабiлеттерi мен дарындарын ұштастыра отырып, оларды мемлекеттiк тiлде өз ойын еркiн жеткiзе бiлуге үйрету заман талабы.

Әр ұйымдастырылған оқу iс-әрекетi барысында елтану материалдарын пайдалана отырып, балалардың ерте жастан қазақ тiлiн оқуға деген тұрақты қызығушылықтарын қалыптастыру арқылы баланың интеллектуалдық дамуына жағдай жасау.

Тіл ұрпақ тәрбиесінің пәрменді құралы, рухани байлығы. Әрбір халықтың тілінде оның ұлттық дәстүрі, сана сезімі, ойлау тәсілі, мінез-құлқы белгілері көрініс табады. Ал тілді, тіл мәдениетін игеру – баланың сәби шағынан іске аса бастайтын, біртіндеп жетілетін үрдіс. Сондықтан мектепке дейінгі жастағы кішкентай бүлдіршіндерге мемлекеттік тілді үйретудің маңызы зор. Әсіресе өзге ұлт өкілдерінің балаларын екінші тілге үйрету күрделі жұмыс. Қазақ тілінде сөйлеуде балалардың тілі тез даму үшін оны қоршаған адамдар да осы тілде сөйлесіп араласуы қажет. Балалар мемлекеттік тілде көрген-білгендерін қарапайым түрде әңгімелеп немесе көмекші сұраққа бір сөзбен жауап бере алуы тиіс. Демек, педагог мамандардың міндеті балалардың ойлау, таным, қабілеттерін жетілдіру.

### *Мектепке дейінгі жастағы балаларға мемлекеттік тілді меңгерту*

Қазақстандық патриотизмнің негізін қалаушы – мемлекеттік тіл. Мемлекеттік тілді құрметтеу және өзге ұлт өкілдерімен қарым-қатынасты нығайту – Қазақстандағы ұлтаралық келісім кепілі. Сондықтан мектепке дейінгі ұйымдарда қазақ тілін үйретуді ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде қолға ала отырып, баланың ерте жастан тілдік және логикалық дағдыларын дамыту.

Шетелдік және отандық ғалымдардың тәжірибелері негізінде өзге ұлт өкілдеріне мемлекеттік тілді меңгерту қатысым әдісі арқылы оқыту қолға алынып отыр. Қатысым әдісінің басқа әдістерден өзіндік ерекшелігі бар. Сонымен бірге, ол басқа әдістердің бәріне тән ортақ қасиеттерді меңгереді. Қатысым әдісінің мақсаты – тілді үйрету болса, міндеті – тілді меңгерту, еркін сөйлеуге үйрету. Жаңа технологиялар арқылы үйретудің түрлі жолдарын қарастыру. Сондықтан әр педагог тілді үйреткенде балалардың жас ерекшелігін ескере отырып, әдіс-тәсілдерді таңдау арқылы сабақты жаңаша ұйымдастырып, шығармашылық ізденіспен өткізгенде ғана нәтижелі жетістіктерге қол жеткізеді.

Қатысым әдісімен оқыту барысында балалар бір-біріне өз ойларын еркін айтуға, қысылмай жеткізуге төселеді. Сөйлемдерді бір сөзді қайталай бермей, жүйелі түрде өзара байланысқан сөз тіркестері арқылы құрайды. Сөздік қоры молаяды, тілі дамиды, дүниетанымы кеңейеді. Яғни, қатысым әдісі баланың жеке тұлға болып қалыптасуына толық жағдай жасайды. Алған білімдерін өмірде, тілдік қатынас барысында қолдана білуге машықтандырады.

Қатысым әдісінде ақпарат алмасуды іске асыру арқылы қарым-қатынасқа түсушілердің әрқайсысы үшін ақпараттың маңыздылығы үлкен рөл атқарады. Ақпарат жай қабылданып қана қоймай, түсініліп, терең сезілгенде ғана тіл табысу жүзеге асады. Сол себепті кез-келген қатысым әдісі іс-әрекет, қарым-қатынас, танымнан тұрады.

Тіл үйрету барысында қолданылатын ойындарды түрлеріне қарай топтық және рөлдік ойындар, жағдаяттық ойындар деп қарастырамыз.





**Қатысымдық ойындар** – жағымды көңіл-күй тудырып, жайлы тілдік қарым-қатынастың қалыптасуына ықпал жасайды.

**Топтық ойындар** – қатысымдық оқытудың қарапайым деңгейінде жиі қолданылады. Топтық ойындар фонетикалық және лексика-грамматикалық дағдыларды қалыптастыру үшін қолданылады. Топтық ойындардың негізгі ерекшелігі, тіл үйренушілердің сабаққа түгел қатысуы қамтамасыз етіледі, белсенділіктері арта түседі, сөйлесім дағдылары қалыптасады.

**Жағдаят** – көптеген ынталандыру, уақиғалар, объектілер, адамдар мен эмоциялық кейіп үлгісінің /моделінің/ кешендік тұтастығы. Е.И.Пассовтің пікірінше, жағдаят тек қана жағдайлардың, уақиғалардың, ара қатынастардың қосындысы емес, ол жүйе.

Тілдің басты міндеттерінің бірі әлеуметтік қарым-қатынас жасау болса, оны жүзеге асыруға ықпал ететін – тіл үйретудегі жағдаяттылық. Жағдаяттылық қарым-қатынасқа түсудің шынайы жолын тудырып, сол арқылы тіл үйренушінің сөйлеуге деген қызығушылығын арттырады.

**Рөлдік ойындар** – белгілі бір мақсатта, тілді меңгеруге деген қызығушылық арқылы орындаушылық қабілетке жетелейді. Рөлдік ойынның мәні, ойын барысында тіл үйренушінің тілдік қатынас жасауға деген талабын ашуда, қажетті сөздерді үйренсем, тауып айтсам деген ойды да туғызады. Осындай ойындық жағдайда ғана қарым-қатынастық, тілдік қатынастар ерекше маңызға ие болады. Балалар тіл үйренуші рөлінен кейіпкер рөліне еніп, шындық өмірге ең жоғары сөйлеу мүмкіншілігімен жақындауға, қате жібермеуге тырысады. Бұл амал үйренушінің сыни ойлауын шиеленістіреді.

Ойындарды ұйымдастыру барысында қойылатын талаптар:

- балалардың дербестігін, олардың белсенді позициясын көрсететін тіпті дұрыс емес және теріс пікірлер де марапатталып отыруы керек;
- тілдік материалдарды пайдалану жеке сөздік ой-пікірлерге бағынады;
- тілдік материал сөйлеушінің сөздік ойлану мүмкіндігіне сәйкес алынады.

Қатысымдық тапсырмалар арқылы жақсы нәтижелерге қол жеткізу:

- Балалар өз ойы мен сезімін өзара қарым-қатынас үдерісінде еркін білдіруге мүмкіндік алады;

- Топтық қарым-қатынаста әрбір бала басқалардың ерекше назарында болады;

- Балалар көрсетілген белгілерге сәйкес мүмкіндігінше тезірек қалыптасып бейімделуге тырысады;

- Әрбір бала өзінің белгілі бір рөліне ие болып, әңгімедегі өзіне сәйкес орынға ие болуға тырысады.

Қатысымдық тапсырмаларды қолдана отырып жүргізілген қатысымдық оқыту барысында балалардың өз ойы мен пікірін тұжырымдай алуы, сөйлеу мәнері мен тілдік дағдыларының қалыптасуы, оларды күнделікті өмірде кездесетін шынайы жағдаяттарда жұмсай алуы жүзеге асады.

«Сөзбен ойнау арқылы ғана бала – тілдің нәріне сусындайды, оның сазды үнін жанына сіңіреді» – деген ұлағатты қағида бар. Сондықтан, жас баланың өмірді тануы, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері осы ойын үстінде қалыптасады. Ойынды зерттеу мәселесімен тек психологтар мен педагогтар ғана емес, философтар, тарихшылар, этнографтар және өнер қайраткерлері мен зерттеуші ғалымдар да шұғылданды. Адам іс-әрекетінің ерекше бір түрі – ойынның пайда болуын зерттеушілердің біразы өз еңбектерінде өнер және ойын көркемдік іс-әрекеттің алғашқы қадамы деп түсіндіреді. Ойында шындықтың көрінісі, оның бейнелі сәулесі қылаң береді. Жалпы ойынға тән нәрсе өмірдің әртүрлі құбылыстары мен үлкендердің түрлі іс-әрекеттеріне еліктеу екені белгілі. Ойынның шартты түрдегі мақсаттары бар, ал сол мақсатқа жету жолындағы іс-әрекеттер бала үшін қызықты. Балаларға ақыл-ой, адамгершілік, дене шынықтыру және эстетикалық тәрбие берудің маңызды тетігі ойында жатыр. Ойын барысында балалар өзін еркін сезінеді, ізденімпаздық, тапқырлық әрекет байқатады. Сезіну, қабылдау, ойлау, қиялдау, зейін қою, ерік арқылы түрлі психикалық түйсік пен сезім әлеміне сүңгиді. Сондықтан да, педагогикада бала ойынына ерекше мән беріледі. Бала ойын арқылы өзінің күш-жігерін жаттықтырады, қоршаған орта мен құбылыстарды ақиқат сырын ұғынып, еңбек дағдысына үйрене бастайды.

Ойын – оқу үдерісіндегі оқытудың әрі формасы, әрі әдісі ретінде дербес дидактикалық санат. Тіл үйретуде ойынды көрнекі құралдар, түрлі суреттер, кестелер, ойыншықтар, музыка және т.б. материалдар арқылы оқу іс-әрекетін көркемдеп отырса, балалардың сөздік қоры біршама толығады, ауызша сөйлеу түрлері кеңейеді. Әрбір оқу іс-әрекетінде ойын түрлерін және өзара сөйлеу үлгілерін тақырыпқа сай қолдану жақсы нәтиже береді.

Тұңғыш мектепке дейінгі педагогиканың негізін қалаушы педагог, ғалым Назипа Құлжанова «Мектептен бұрынғы тәрбие» (1923), «Ана мен бала» атты еңбектерінде мектепке дейінгі тәрбие мекемесінің жұмыс мазмұнын, атқаратын қызметін айта келіп, баланы тәрбиелеу мен өсірудегі ұлттық ойындардың ерекшеліктеріне тоқталады. Үш пен жеті жас аралығындағы балалардың физиологиялық ерекшеліктерін – бала әлемін сөз етеді. Әсіресе, жас баланың айналаны білуге деген құмарлығын, сөйлеуге, сұрақтар беруге бейім болатынын, сол арқылы ойы өсіп жетілетінін айта келіп, баланың ойын дамыту үшін олардың сұрақтарын жауапсыз қалдыруға болмайды. Баланы табиғат аясында

тәрбиелеудің, табиғат құбылыстары жайында үнемі әңгіме жүргізудің мәніне тоқталады. Педагог ғалым баланы жас кезінде көбінесе табиғат аясында тәрбиелеудің тиімділігін айта келіп, «Бала даланың кеңдігінде шолпылдатып суға түсіп, жүгіріп құспен бірге сайрап, көбелек қуып, шыбын-шіркей, құрт-құмырсқамен бірге көкорай шалғын, тоғай арасында сайрандай жүріп, көңілі де, жан-тәні де бірдей өсіп өркендемек» дейді, осы пікірін ары қарай жалғастыра келіп; «Әрбір құлықты, жақсы адам мінезінің түпкі негізінде болатын еңбек ету, көңіл көтеру және денесі еліктегіш, талшыбықтай икемді, нәзік сезімді болып келеді» деп мектеп жасына дейінгі балалардың тыныс-тіршілігін сөз етеді. Демек баланы үйде, балабақшада еңбекке бейімдей тәрбиелеудің маңызына тоқтала отырып, баланың санасын оятып, қиялын өсірудегі ойындардың тәрбиелік рөліне ерекше мән береді.

Баланың сөздік қорын дамытуда ойынның орны ерекше және ойын әрекетінде балалар сөздік қорын байытып, ауызша сөйлеу машығын игереді, таным белсенділіктері мен ақыл-ойы өсіп жетіледі, әрі адамгершілік қасиеттерін бойына сіңіреді. Ойын – баланың шын тіршілігі. Ойын арқылы бала айналасындағы өмірді танып, өзін қызықтырған нәрсеге ықыласы ауып, барлығын түсініп, білгісі келеді. Баланың бір ерекше қасиеті сөйлеуден еш жалықпайды. Ойын бала тілінің дамуына өз ықпалын тигізіп, оның таным белсенділігінің дамуына жол ашады. Ойын үстінде бала еш нәрсеге тәуелсіз, ол өзін еркін ұстайды. Ал, еркіндік дегеніміз – барлық дамудың алғашқы баспалдағы. Баланың білуге деген құштарлығы, сөйлеуі ойын үстінде қалыптасады. Ал, тіл кемістігі кездесетін балалардың жалпы қимылдары, соның ішінде саусақ бұлшық етінің қимылдары жеткілікті деңгейде дамымайды. Сөйлеу тілі мүшелері әрекетінің қозғалуы қол саусақтарының (ұсақ моторика) нәзік қимылдарының дамуымен тығыз байланыста болғандықтан бала қолының ептілігін толық жетілдіру, түзету т.б. жұмыстар тәрбие жұмысын жүйелі жүргізуді қалайды. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіндегі кез келген тақырыптарға сай әртүрлі ойын түрлерін - саусақ ойыны, дамытушы дидактикалық ойын, сөздік ойын, қимылды ойын және ұсақ моторикаға арналған үстел үсті ойындарын, т.б. қолдануға болады.

Демек, саусақ ойындарын жүргізу арқылы балалардың саусақтарының нәзік қимылдары мен бұлшық еттерінің жетілуімен бірге, олардың сөйлеу тілі мен ойлау қабілеттері дамитын болады және баланың жазу шеберлігін меңгеруіне алғашқы дайындығы қалыптаса бастайды. Ойын ұйымдастыруда педагог ойын әрекетін ұйымдастыруға өзі жетекші бола отырып, балаларды ойнай білуге, ойын ережесін сақтауға, ойнай отырып ойлануға бағыттайды. Заттың атын немесе қасиетін есінде сақтап қалуға жол ашады, ойынға қызықтыра отырып баланың зейінін, қиялын дамытады. Ойындарды көңілді, әсерлі етіп, баланың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып ұйымдастыру керек. Мысалы: “Саусақтар сәлемдеседі”, “Он саусақ”, “Қуырмаш”, “Қазым-қазым”, “Моншақ” т.с.с. ойындар арқылы саусақтардың нәзік қимылын жетілдіруге болады. Мысалы, “Моншақ” ойынында бала өлең жолдарын қайталай отырып, үстел үстінде жіпке түрлі моншақтарды немесе түрлі-түсті ұсақ тастарды тізбектей отырып

жаңа сөздерді меңгереді, тура санау, түстерді ажырату, есте сақтау қабілеттерін жетілдіреді.

“Сөздік” ойынына келетін болсақ, балалар сөз мағынасын түсінеді және дұрыс жауап беруге, орынды сөйлеуге үйренеді, ойлау және есте сақтау қабілеттерін жетілдіреді. “Мен бастайын, сен аяқта”, “Мен нені ойладым?”, “Жұмбақ жасыр”, “Жалғастыр” ойындарында балалардың жаңа меңгерген сөздерін жұмбақтап айтқызуға (кішкене бойы, төрт аяғы, екі мүйізі, бір сақалы бар және ет пен пен пайдалы сүтін беретін үй жануары – ешкі т.с.) назар аударсақ, “Үстел үсті” ойынында көбіне мозайка, лото, суреттер арқылы “Қиынды суретті құрастыр”, “Жасырылған аңды тап”, “Сыңарын тап”, “Топтастыр”, “Не артық?”, “Енесін тап”, “Есінде сақта” т.б. тапсырмалар беріледі. Балалар бұл ойындарды ойнай отырып сөйлем құрайды. Сондықтан бұл ойындардың баланың тілін дамытуға тигізер әсері мол. Схема арқылы балалар әр сөзді ретімен айта отырып сөйлем құрай біледі. Ал тәрбиелеу мен оқыту ісінде педагог ойын арқылы оқыту технологиясына көбірек назар аудара отырып, баланың ойын әрекетіндегі психологиялық жағдайын зерделеп, жеке тұлғаның қызығушылығын оята білуі қажет. Көрнекілік пайдалану педагогтың оқу-үйрету жұмысында өте маңызды. Педагогтың бала қиялына, оның дүниетанымына сай көрнекілік құрастыра білуі білім беруде оң нәтиже беретін негізгі іс-әрекет болып табылады.

Ұлы ойшыл Абай Құнанбаев: «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?» деп айтқандай баланың өмірінде ойын ерекше орын алады. Ойын – балалар үшін қоршаған ортаны танып білудің ең жеңіл де, ұтымды тәсілі. Ойын процесінде сөйлесу үлкен рөл атқарады. Ойын – мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі іс-әрекеті. Ойын – бала үшін нағыз өмір. Өйткені, ойын үстінде баланың бір затқа бейімділігі, мүмкіндігі және қызығушылығы анық байқалады.

Егер ойын ақылмен ұйымдастырылса, ол балаларға ықпал жасауға мүмкіндік береді. Балалардың өмірі мен іс-әрекетін дұрыс ұйымдастыру – оларды тәрбиелеу деген сөз. Бала үшін ойын – өзін-өзі жетілдіру мен өзін-өзі көрсетудің құралы. Ойын әрекетінде баланың психикалық қасиеттері мен жеке басының ерекшеліктері әлдеқайда тез қалыптасады, яғни ол арқылы бала білім алады. Ойын ойнау барысында бала бар жан-тәнімен ойынға беріліп, белсенділігі пайда болады.

Ал мазмұнды-бейнелі ойындарда балалар ойын мазмұнын түсінікті етіп жеткізуге тырысады, оған қажетті құрал-жабдықтарды табуға талпынады. Оларды дайындау үшін еңбектенеді, ал еңбек ұжымдық іс-әрекетке біріктіреді және шығармашылық іс-әрекетке бағдарлайды, балалардың өзара қарым-қатынасын реттеп, олардың бойында адамгершілік қасиеттерін қалыптастырады. Бала алған рөлдеріне сай кейіпкердің киімін киіп, қимылын, дауыс ырғағын мәнерлі жеткізуге тырысады. Қуыршақты ұйықтату үшін бесік жырын айтып әлдилейді, бейнелеу өнерінен салған суреттерін ыдыс, үй жиһаздарын, қағаздан құрастырған заттарды ойын құралы ретінде пайдаланады.

Сонымен қатар, мектепке дейінгі ұйым педагогтары баланың ой-өрісін дамыту мақсатында көру қабілеті арқылы әсер ететін түрлі көрнекіліктерге, яғни қуыршақ театры, балаға арналған қызықты бейне-көрініс, суреттер, табиғат

аясындағы жан-жануар, құс, өсімдік әлеміне саяхат арқылы назарларын аударта отырып, осы жұмыстарды тілді үйрету әрекетімен шебер ұштастыра білуі қажет.

Тілді үздіксіз игеру барысындағы жұмыстар:

- тәртіп кезеңдері (таңғы гимнастика, тазалық дағдысына, мінез-құлық мәдениетіне, қарым-қатынас мәдениетіне, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу және т.б.);

- оқу-тәрбие үрдісі (сабақтар, ертенгіліктер, ойындар, балалардың өзіндік іс-әрекеті);

- ойын іс-әрекеті (дидактикалық ойындар, қозғалыс ойындары, сюжетті-рөлдік ойындар).

Сондықтан, тіл үйрету барысында ойын элементтерін дидактикалық материал ретінде қолдану өте тиімді. Дидактикалық ойындар арнайы мақсатты көздейді және нақты міндеттерді шешеді. Дидактикалық ойындардың сапалылығы олардың сабақтың әр кезеңіндегі орны мен міндетін, мақсатын дәл анықтауға, оны қолданудың теориясы мен практикасын мұғалімнің жетік меңгеруіне, шеберлік танытуына, ойынға қажеті материалдарды алдын-ала дайындап алуына, ойын үрдісіне балаларды белсенді қатыстыруына байланысты болады.

Дидактикалық ойындар балаларды өз бетінше жұмыс істеуге дағдыландырады, олардың ойлау қабілеттерін, ізденімпаздылығын арттырады, сөздік қорын молайтады. Сондықтан әр сабақта дидактикалық ойындарды пайдалану арқылы балаларды әдептілікке, адамгершілікке, қамқорлыққа, қайырымдылыққа тәрбиелеуге болады.

Ойын – балалардың негізгі іс-әрекеттерінің бір түрі. Ойын арқылы балалар қоғамдық тәжірибені меңгереді, өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады. Сондықтан ойын арқылы балалар өмірден көптеген мәліметтер алып, білімін жетілдіреді. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекет барысында ұлттық ойындарды ойнату да ерекше маңызды.

Ұлттық ойындар атадан балаға, үлкеннен кішіге мұра болып жалғасып отырған халықтың дәстүрлері, шаруашылық мәдени, өмір тіршілігінің жиынтық белгісі. Сондықтан ұлттық ойындар арқылы балалардың ой-өрісін кеңейтіп, тапқырлыққа тәрбиелеуге болады. Ойын - өнер ретінде әдебиет пен мәдениеттің сан алуан түрлерімен қабысып, астасып келіп, бірін-бірі толықтырып отырады.

Ұлттық ойындардың ішінде мектеп жасына дейінгі балаларға «Асық ойыны», «Орамал алу», «Тақия тастамақ», «Алтын қақпа», «Ақ серек - Көк серек», «Айгөлек», «Ақ сандық – Көк сандық», «Ақ сүйек», т.б. түрлерін алуға болады. Педагог мамандардың міндеті ұйымдастырылған оқу іс-әрекет барысында осы ойын түрлерін әуелі дене сергіту үшін, жұмыс соңында ырғақты қимыл-қозғалыс ойын ретінде қолдана отырып, баланы тапқырлыққа, жылдамдыққа, шапшаңдыққа, икемділікке, батылдыққа тәрбиелеу.

Қазақ халқы баланы 1 жастан 7-ге дейін «нәресте» немесе «ойын баласы» деп атаған. Халық алуан түрлі ойынды туғызып, оны іс жүзінде қолдану арқылы оның тәрбиелік, білімділік жақтарын көре білген. «Бала ойынмен өседі» деген өмірлік қорытынды жасап, оны өздерінің бала тәрбиесіне тиек еткен.

В.А.Сухомлинский: «Ойынсыз ақыл-ойдың қалыпты дамуы да жоқ және болуы да мүмкін емес. Ойын дүниеге қарай ашылған үлкен терезе іспетті, ол арқылы баланың рухани сезімі жасампаз өмірмен ұштасып, өзін қоршаған дүние туралы түсінік алады. Ойын – дегеніміз ұшқын, білімге құмарлық пен еліктеудің маздап жанар оты» - деп, бала үшін ойынның маңызды екенін айтқан. Ұлттық ойындарды ойнату, оқу іс-әрекетінде пайдалану арқылы баланың ойлауын, қабылдауын, елестетуін, есін, зейінін дамытуға болады. Мысалы, асық ойыны – қазақтың ерте заманнан бүгінгі күнге дейін жеткен ұлттық ойыны. Асық – баланың ақыл-ойын өрістететін, қиялына қанат бітіретін, тынысы кең, астарлы, алысқа меңзейтін ойын.

Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту жұмыстарын ересектердің балалармен сөйлесу барысында да жүзеге асыру қажет. Күнделікті өмірде (балабақшада) қазақ тілінде ауыз әдебиеті үлгілерін оқуға, өлеңдер жаттауға және сахналауда баса назар аударылу керек. Халық ауыз әдебиеті үлгілері балалардың ойлау, дұрыс сөйлеу қабілеттерін дамытуға, сөздік қорын молайтуға, сөйлем құрап өз ойларын жеткізе білуге, қазақ тіліне тән ерекше дыбыстарды дұрыс айтуға машықтандырады.

Білім берудің алғашқы бастауы мектепке дейінгі ұйымдарда қазақ тілін үйретуді күнделікті тұрмыспен байланыстыра отырып үйрету арқылы, болашақ қоғам иесінің мемлекеттік тілді бала жастан тиянақты меңгеруіне жағдай жасау. Бүлдіршіндердің адамзат игерген білім бұлағынан сусындауы үшін оның балалық әлеміне сай ойын түрлерін өткізе отырып, тілді үйренуіне, халқымыздың бай сөздік қорын игеруіне, танымдық қасиетінің жетілуіне басты назар аудару.

Педагог тілді үйрету бағытындағы іс-әрекетін баланың қызығушылығымен, күнделікті қозғалысымен, ойын әрекетімен, көңілді ән-биімен ұштастыра отырып, қазақтың бай ауыз әдебиеті арқылы тәлімдік ой-пікірлерін бала санасына жеткізе білу. Сондықтан кез келген педагог маман халық ауыз әдебиеті үлгілерін жетік біліп, балаға ертегі, мақал-мәтел, жаңылтпаш, тақпақ, өлең, ән-күй үйретуді, т.б. жұмыстарды атқару арқылы қазақ тілін үйретуді осы жұмыстармен ұштастыра білуі керек.

Сонымен қатар, оқытудың инновациялық технологиялары негізінде баланың айналасындағы заттардың атын, түрін-түсін, мәнін қазақ тілінде танып, білуін және байланыстырып сөйлеу қабілеттерін қалыптастыруға болады. Балалардың сөйлеу тілін дамытуға, сөздік қорларын молайтуға, үйренген сөздерін күнделікті өмірдегі іс-әрекетте тілдік қарым-қатынаста қолдана білуге машықтандыруға жаңа ақпараттық технологиялардың да тигізер әсері зор.

Жаңа ақпараттық технологияларға (ЖАТ) ғалымдар әр түрлі анықтама беріп отыр. Мысалы, Н.Макарова «ЖАТ – қысқаша компьютер негізіндегі технология» деп тұжырымдайды. М.И.Жильдак бұл терминнің неғұрлым кеңірек анықтамасын береді. Ол «ЖАТ – адамдардың білімін кеңейтіп, олардың техникалық және әлеуметтік үрдістерді басқару мүмкіндігін дамытатын, ақпаратты жинау, ұйымдастыру, сақтау, өңдеу, тасымалдау және жеткізудің техникалық құралдары мен әдістерінің жиынтығы» дейді. Ақпараттық

технологияларды кеңінен пайдалану арқылы тұлғаны нәтижеге бағыттай білім беру керек. Қазіргі таңда көрнекілік әдісі мен техникалық құралдарды қолдану әдісін ақпараттық-коммуникативтік технологияның бір өзі атқара алады. Жаңа ақпараттық технология – ақпараттарды жинау, сақтау және өңдеу үшін бір технологиялық тізбекте біріктірілген әдістер мен өндірістік және бағдарламалық-технологиялық құралдардың жиынтығы болып табылады. Қазақ тілін оқытуда жаңа технологияларды, техникалық құралдарды оқу іс-әрекетте жан-жақты қолдану, педагогтың көптеген қиындаған қызметтерін жеңілдетіп, осы іскерліктің ұстанымды жаңа тәсілдерінің пайда болуына мүмкіндік туғызады.

Оқу іс-әрекет барысында ақпараттық технологияларды кеңінен қолдану арқылы әдетте шынайы өмірлік жағдайлар келтіріп, балаларды салыстыруға, өз ойларын сол тақырыпқа сай жеткізе білуге машықтандыру керек. Мысалы: Онлайн желісіндегі немесе балаларға арналған «Балапан» телеарнасында тікелей эфирде жүргізіліп жатқан «Бала тілі - бал», «Он саусақ», «Күлегеш», «Ғажайпстанға саяхат», «Санамас», «Дәрумен» «Мыңнан жүйрік, жүзден тұлпар» сияқты т.б. көптеген бағдарламаларды қызықтыру арқылы насихаттау қажет.

Ақпараттық технология арқылы оқу іс-әрекеттерін түрлендіріп, жаңаша ұйымдастыра алуға мүмкіндік туады. Тақырыпқа байланысты бейнежазба көрсету арқылы балалардың оқу іс-әрекетке деген ықыласын, белсенділігін арттыруға болады. Ақпараттық технологияның көмегімен жүргізілетін шараларда – бала өзін белсенді және еркін ұстай білуге дағдыланады.

Мектепке дейінгі ұйымдарда тілді үйрететін орта – баланың айналасындағы адамдардың сөйлеу тілі. Қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде білсін деген баланың айналасында мемлекеттік тілдегі тілдесім басым болуы керек. Демек республикалық телехабарлардың, радиобағдарламалардың бағдарламалық материалдардың мемлекеттік тілде күнделікті берілуі қамтамасыз етілуі тиіс.

Балалардың тіл үйренуге қызығушылығын арттыру, тіл мәдениетін жетілдіру, сөздік қорларын дамыту, бекіту - өмірлік маңызға ие. Бұл талаптар қазақ тілінде ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерді жүргізудің жан-жақты кешенді түрлерін, оларды өткізу ерекшеліктерін меңгеру әрі әдістемелік жағынан ұтымды әдістерді қолданғанда ғана баланың жан дүниесін баурап, қызығушылығын арттыруға болады.

Көркем шығармаларды тыңдауға бала сәби кезінен-ақ құмартып, қызығады. Қысқа ертегі, өлең оқып берсе, тез жаттап алады. Жаттау арқылы оның тілі жетіледі. Әдеби кейіпкерлердің жақсы ісіне сүйсінеді, жаманынан жиренеді. Сәбилерде жақсы және жаман әрекеттер жөнінде түсінік пайда болады. Сөйлеу тілі жетіле түседі. Ал тілінің дамуы – баланың бойында қабылдау – ести білу сияқты психологиялық процестердің бірте-бірте қалыптасуына негіз болады. Мектеп жасына дейінгі балаларға оқып беретін шығармалар ауыз әдебиеті нұсқаларынан, классик жазушылардың шығармаларынан, қазақ жазушыларының балаларға арналған шығармаларынан баланың жас ерекшелігіне сәйкес алынуы керек. Мұғалімнің шығарманы жатқа айтып беруі

балаларға қызықты болады, оларды жалықтырмайды. Өйткені, бала мұғалімді тыңдай отырып, әр сөзді дұрыс айтуға тырысады. Сәбилерге өлеңді арнайы жаттату қиын болғандықтан мұғалім өзі жатқа айта отырып, шығарманың қажетті шумағын ойын ретінде қайталау кезінде біртіндеп өзіне ілесіп айтуға үйрету керек. Тілді үйретудегі ең басты міндет – балалардың сөйлеу тілін жетілдіру. Сөздік қорды дамытуға бағытталған әдістердің жалпы міндеті - сөздің мағынасын дұрыс түсініп, оны өз сөзінде дұрыс қолдану. Осындай әдістердің бірі – *түсіндіру әдісі*, бұл әдіс – жаңа сөз, сөз тіркесі, сөйлемдерді түсіндіруде қолданады. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде үйретілетін жаңа сөздер сөздік жұмысы арқылы іске асады.

*Көрнекілік әдіс* – басқа тілді үйретуде ең нәтижелі және жиі қолданылады. Балаларға түрлі суреттер мен заттарды, ойыншықтарды көрсету арқылы сөздерді үйретуге болады. Көрнекіліктер тақырыпқа сай, көзге тартымды яғни эстетикалық жағынан жақсы, әртүрлі түсте болуы керек.

Қазақ халқының тұңғыш ағартушысы Ы.Алтынсарин "Таза бұлақ" атты еңбегінде: "...шәкірттердің барлық сезім мүшелерінің - көз, қол, есту қабілетін, тілді, зейінді дағдыландыру баланың барлық қабілетін көрнекілік арқылы, жаттықтыру арқылы жұмыс істеу" керектігін айтқан.

Мысалы: Ересектер тобында «Ұлттық киімдер» тақырыбын өткен кезде киімдердің суретін көрсету арқылы немесе кәдімгі ұлттық нақышта тігілген киімдерді көрсету арқылы жүзеге асыру керек. Сонымен қатар, Ы. Алтынсарин натуральды әдіс туралы былай деген: «Балаға айтып түсіндіргеннен гөрі, қолымен ұстап, көзімен көріп, мұрнымен иіскеп түсіндірген сабақ ұғымды».

Дамыта оқыту жүйесі бойынша бала ойлауын абстрактіден қарапайымға қайта жетелейді. Мысалы: «Алма» сөзін алманы көрсету немесе дәмін татқызу арқылы ұғындыру баланың есте сақтау қабілетін дамытады. Алманың дәмі қандай? Пішіні неге ұқсайды? деген сияқты сұрақтар қойып, баланың жауабын тыңдау керек. Осыдан соң «Формасын таны», «Қайда өседі?» деген дидактикалық ойындарды ойнатуға болады. Осы ойындар арқылы балаларға бұрын үйренген сөздерін қолдана отырып, жемістер туралы өлең оқып беруге болады. Өлеңдегі салыстырма сөздерге (*эпитет, метафора, синоним*) көңіл бөлу керек. Сол сөздерді қайталау арқылы өздеріне салыстырту қажет. Балаларға (ортаңғы топ) суреттермен және сөздік арқылы «Сен нені жақсы көресің?», «Қайда өседі?» (ересектер тобына) ойынын ойната отырып, жемістер туралы жұмбақтар шештіру баланың ойлау қабілетін дамытуға септігін тигізеді. Оқу іс-әрекет барысында өлеңде аталған жемістердің, күзгі жапырақтардың суретін салғызып немесе қып жапсырту керек. Мысалы: шие... (қызыл, домалақ, кішкене, ұсақ шар сияқты). Алма... (домалақ, қызыл, сары, тәтті, қышқыл). Жапырақ... (сап-сары, алтындай, жібектей, сары бояудай, т.б.) үйренген сөздерін қосып сөйлем құрай білуге дағдыландыру қажет. Оқу іс-әрекет нәтижесінде балалар: қышқыл, жұмыр, домалақ, сары, алтындай, т.б. сөздерді игереді.

Бұл әдісті – «Жеміс-жидектер», «Ойыншықтар», «Тағамдар» және т.б. тақырыптарда да пайдалануға болады.



Ойын бала тілінің дамуына ықпалын тигізіп, таным белсенділігінің дамуына жол ашады. Қай бала болмасын ойынмен өседі, өйткені бала табиғатының өзі ойынмен ұштасып келеді. Ойын үстінде бала еш нәрсеге тәуелсіз. Ол өзін еркін ұстайды. Ал еркіндік дегеніміз барлық дамудың баспалдағы, бәрін білуге деген талпынысы мен құлшынысы. Сондықтан оқу іс-әрекетінде сюжетті мазмұнды ойынды пайдалану да өте маңызда.

Халық байлығының асыл қазынасы – рухани тіл. Сондықтан балабақша табалдырығын аттаған бүлдіршін бойына қазақ тілінің қасиетін сүттей сініре білу, әр педагогтың еңбегінің жемісі алда деген сөз. Демек педагог оқу іс-әрекетінде таным әрекетін іске асыруға бағыттап отыруы керек.

Орыс тілінде тәрбие беретін мектепке дейінгі ұйымдарда қазақ тілін оқытатын педагогтардың басты мақсаты – баланың таным белсенділігін арттыру, пәнге қызықтыру, ынталандыру. Осы мақсаттарға жету үшін күнделікті оқу іс-әрекетінде оқытудың жаңа технологияларын, интерактивті әдістерді жиі қолдана отырып, ойын элементтерін пайдалануға болады.

Ойын элементтері белгілі бір мақсатта, тілді меңгеруде деген ынтызарлықты оята отырып, орындаушылық қабілетке де жетелейді.

Ойын элементтерінің мәні – ойын барысында баланың тілдік қатынас жасауға деген талабы. Қажетті сөздерді үйренсем, тауып айтсам деген ойлау қабілеттерін дамытады.

Тілді меңгерту барысында ойын элементтерін қолдану балалардың белсенділігін арттырады, ынталандырады, қазақ тілінде дұрыс сөйлей білуге үйретеді, іздендіреді. Орынды қолданылатын ойын элементтері баланың білім-білік дағдыларын игеріп, іскерліктерін шындауға көмектеседі. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті барысында орындалатын дидактикалық материалдар балаларға ыңғайлы, түсінікті болса, мұғалімнің технологиясы нәтижелі болады. Негізгі көздейтін мақсат балаларға жалаң сөз жаттау емес, әрбір үйренген сөздерді ауызекі сөйлеуде, сөйлем құрамын дұрыс қолдана білуге үйретеді.

Ойынның маңыздылығы:

а) ойын – тәрбие құралы, ақыл-ойды, тілді ұстартады, сөздік қорды байытады, өмірді танытып, сезімді кеңейтеді тәрбиелейді.

ә) ерік және мінез қасиеттерін бекітеді, адамгершілік сапаны жетілдіреді.

б) ұжымдық сезім әрекеттері өсе түседі.

в) эстетикалық тәрбие беру – өнерді, көркемдікті түсіндіру құралына айналады.

г) еңбек тәрбиесін беру мақсаттарын шешуге мүмкіндік береді.

д) дене күшінің жетілуіне көмектеседі – ойын баланы жан-жақты жарасымды тәрбиелеудің психологиялық және физиологиялық негіздері болып табылады.

Тілді үйрету барысында ойын түрлерін пайдаланған педагог баланың оқу іс-әрекетінде зор ынтасымен, жігерімен араласқанын байқайды. Демек дидактикалық ойындар балалардың білімдерін бекітуге, бір-бірімен қарым-қатынасқа түсуге, қазақша сөйлеу үлгілерін еркін қолдануына бағыт береді,

ұйымшылдыққа үйретеді. Сондықтан дидактикалық ойындар мектеп жасына дейінгі балалардың тілдерін дамытуда өте маңызды рөл атқарады. Әр ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде ойынды тиімді пайдалану арқылы сабақтың әсерлілігін, тартымдылығын, белсенділігін, баланың ынтасын байқауға болады.

Педагог мамандардың мақсаты күнделікті ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті барысында баланың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыратындай ойындарды, тілді үйретудің бірнеше әдіс-тәсілдерін пайдалану. Күнделікті тұрмысқа қажетті сөздерді меңгерте отырып, еркін сөйлеу дағдыларын ойын, тірек сызбалар арқылы қалыптастыру, сөйлеу мәнерін, сөйлеу тілдерін жетілдіру.

Екінші сәбилер тобына тілді меңгерту барысында әр жыл мезгіліне байланысты суреттерді пайдалана отырып, К.Шаяхметовтың «Алтын күз», Ш. Сариевтің «Пейзаж» суреттерін, «Бұл қай кезде болады?» деп сұрақ қоя отырып, әңгіме құратуға баулу бейнелі сөйлеу қабілеттеріне үйретеді. «Кімде не бар?», «Күзде не киеміз?», т.б. ойындар күз маусымында киетін киім атауларына, киім сапасына (қалың, жұқа, жылы, жеңіл), құрамына (мақтадан, теріден, жібектен, жүннен), киімнің бөліктеріне (жеңі, қалтасы, жағасы, желке бауы), т.б сөздерді көре отырып қабылдауына жағдай тудырады.

Сонымен қатар, ересектер тобындағы балаларға Қ. Ыдырысовтың «Аспаз», Ә. Мұсахановтың «Менің анам дәрігер», Ғ.Өкеевтің «Біздің балабақшамыз», Ә. Меңжанованың «Тазалықтың досы» сияқты әндері мен өлеңдерін үйрете отырып, осы өлеңдердегі кәсіби мамандық иелеріне тән сипаттар балаларды олардың еңбегіне, құрал-жабдықтарына жақындата түседі. Зейнелғабиден Иманбаевтың «Ұйықтар алдында», Әдібай Табылдиевтің «Ата, бізге келіңіз», Мәдіхат Төрежановтың «Әжесін қайсысы жақсы көреді?» атты шығармаларындағы баланың сезіміне әсер ететін жолдар балалардың есінде тез сақталады.

Сондықтан әр тақырыпқа сәйкес өлеңді, ұйқасты мәтіндерді бой сергіту, фонетикалық тіл жаттықтыру мақсатында қолдану қазақ тілінің балаларға лирикалық әуезді үлгілерін қабылдануға әсерін тигізеді.

Тіл мамандарының пікірінше, сөздерді тақырып жағынан дұрыс ұйымдастырып беру – сөздерді топ бойынша тез еске сақтауға үйрететінін, олардың бір-бірімен ұқсастығын байқататынын және жағдаяттарға қарай іштей оларды жақсы сезіп, еске түсіріп сөйлеу дағдыларына қоса бастайтындығын айтады.

Екіншіден, сөздерді грамматикалық белгілеріне қарай топтату өте тиімді. Сондықтан ересектер тобындағы балаларға «Кім?» деген сұраққа жауап беретін сөздерді атаңдар, «Не?» деген сұраққа қандай сөздермен жауап бересіңдер? «Кімдер?», «Нелер?» деген сұрақтарды қандай жағдайда қоямыз? деген сауалдар арқылы сын есімді, сан есімді, етістікті біртіндеп меңгерту жүргізіледі.

Үшіншіден, сөздерді туыстық қатысына қарай топтауға үйрету. Мысалы, жалпы атауы мен жекелей аталымдарды жіктеп атау. «Отбасы» - жалпы аталым, ал жеке аталым - ата, әже, әке, бала, қарындас, іні, сіңілі.

Төртіншіден, төрт-түлік малдың, жан-жануардың төлдерінің атаулары, құс атаулары, т.б. Сонымен қатар, сөздерді шығу тегіне қарай топтауға үйретуге назар аудару керек. Мысалы: дәрі, дәрігер, дәріхана; ас, аспаз, асхана, т.б.

Сөйлеу тілі мен сөздік қоры молая бастаған сайын, бала айналадағы адамдармен, өзі қатарлас балалармен белсенді қарым-қатынас жасайды. Өмірде кездесетін түрлі іс-әрекет жайын білуге құмартады. Өзі түсінген түрлі жайттар туралы әңгімелейтін болады. 5-6 жас шамасында баланың сөз қолдану ерекшелігін терең зерттеп, талдаған балалар әдебиетінің көрнекті өкілі, орыс жазушысы К.Чуковский оларды «данышпан лингвистер» деп атаған.

Балаға тек қана тіл үйретіліп қана қоймай, сол тілді тұтынушы халықтың мәдениеті, салт-дәстүрлері, тарихы мен рухани құндылықтары жайлы мәлімет бере отырып, сол халықты таныту болып табылады. Олай болса, педагог мамандардың мақсаты қазақ тілін балаға ауызекі қатысым құралы ретінде ғана үйретіп қоймай, мемлекеттік тілде еркін ойын жеткізе алатын, пікірталасқа түсе алатын, танымы кең тұлға ретінде қалыптастыру.

Сондықтан, тіл дамыту жұмыстарын ойдағыдай жүргізу үшін балалардың жас ерекшеліктері мен жеке ерекшеліктерін, әрқайсысының зейін, қабылдау, еске сақтау, ойлау, қиялдау ерекшеліктерін, сезім, ерік пен жеке дарындылық қасиеттерін ескеру керек. Қай жастағы бала болмасын зейіні тұрақсыз, олардың (кейбірінің әсерленуі күшті) ой бөлісу қабілеті тіпті жоқ десе де болады. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті барысында қазақ тілінің жекелеген сөздеріне қатысты тірек-сызбаларды бірден қолдану, олардың әрбірін мәніне қарай ажырата қолдануды әдетке айналдыру жақсы нәтиже береді. Әрдайым қолданылып келген сызбалар арқылы тақпақ жаттағанда баланың зейіні тұрақтанады.

Тілді үйретудегі мақсаттарды жүзеге асыруда бірнеше міндеттер қойылады: Мәдениет нышандарын қалыптастыру ( амандасу, сәлемдесу)

Тірек сызбалар бойынша сөйлемдер құрастыра білу;

Ойын арқылы сөздік қорды молайту;

Сөздік қорды монолог, диалог арқылы нығайту;

Мемлекеттік тілде еркін сөйлеуге дағдыландыру;

Ұлтымыздың салт-дәстүрлерінің элементтерін ұғындыру;

Сонымен қатар, ересектер тобында әсіресе, қазақ тілі сабағында балалардың сөздік қорын дамыту үшін *драматизация әдісін, байқау әдісін, түсіндіру әдісін, әңгіме әдісін* қолдануға болады.

*Драматизация әдісі:* ертегіні сахналау арқылы үйрету. Баланың түсіну және тілін дамыту қабілетін арттыру. Әрбір рөл бала қабілетіне қарап бөлініп беріледі. Бұл әдіс арқылы баланың ойлау қабілеті дамиды.

*Байқау әдісі:* бұл әдіс балалардың қабілетін байқай отырып, тілге деген ынтасын, қызығушылығын арттырады.

*Түсіну әдісі:* дәлелдеу. Балаларға берілетін білімді түсіндіру, жаңа сөздердің мағынасымен таныстыру.

*Әңгіме әдісі:* Оқу материалын қаншалықты білетінің аңғаруға арналған сұрақ-жауап арқылы немесе пікірлесу шартымен жүзеге асырылады. Олар: сұрақ-жауап, сөйлесу, әңгімелесу, диалог, монолог.

5-6 жастағы баланың әлеуметтік даму ситуациясы ересектермен қарым-қатынас жасаудың ситуациядан тыс-жеке тұлғалық түрінің пайда болуымен ерекшеленеді. Дамудың алдыңғы кезеңінде қатынас мазмұны ситуациядан тыс болады, яғни сол ситуация шеңберінен шығады. Ересек адам алты жастағы бала үшін білім көзі болып қана қоймай, сонымен қатар әлеуметтік қарым-қатынастардың, адамның іс-әрекетінің мәні мен нормалары жөніндегі білім көзі де болып табылады. Бала қарым-қатынас, моральдық нормалар жайлы сұрақтар қоя бастайды. Бұл жастағы бала өз күйзелісін, пікірі мен бағалауды ересектердің пікірімен ара салмағын анықтай алады. Мұндай қатынастың басты себебі – өзара түсіністік пен әсерлену.

5-6 жаста сюжеттік-рөлдік ойындар өзінің кемеліне жетіп, толысады. Балалардың сомдауы арқылы жасалған адамдар арасындағы қарым-қатынас ойынның негізгі мазмұнын құрайды. Балалар 3-4 адамнан құралған тұрақты ойын бірлестігін құрады. Рөлдік ойындарда бала сомдап тұрған кейіпкерінің атынан басқа кейіпкерлермен сөйлеседі. Осылайша, баланың мазмұнды сөйлеу тілі қалыптасады, рөлдік қарым-қатынастардың мәні ашылады. Қойылымдағы қимыл-әрекеттер ықшамдалып, баланы жалықтырмайтындай қысқа, рет-ретімен, орынды қойылып, сюжеттің мазмұны ашылатындай болуы керек. Осы жастағы балаларға не жайлы ойнағандықтарын білуге ұмтылу тән. Ертегі, кино, мультфильмдерден көріністер, ең бастысы, қоғамдық сюжеттер ойында басты орын алады.

Осы кезеңнің маңызды жаңалығы – мінез-құлық еркіндігі. Барлық психикалық процестер (қарапайымнан күрделіге дейін), қатынас жасай білу мектеп жасына дейінгі баланың негізгі іс-әрекеті – ойында дамиды. Мысалы, ойында рөл атқара отырып, бала ойын міндетіне барлық өзінің тезаралық, импульсивті әрекеттерін бағындырады. Ойын барысында бала, ересектердің тікелей тапсырмасын орындағаннан гөрі, зейіндерін жылдамырақ шоғырландырады, көбірек есте сақтайды. Балалармен ойнай отырып, олардың талап-тілектерін ескереді, келіспеушіліктерді шешеді, жаңа жоспар құрады және оны іске асырады, яғни қатынас жасай білуге үйренеді. Ауыстырғыш заттармен ойнай отырып, шартты кеңістікті көз алдына ойша елестетеді. Көз алдына елестетін кеңістіктегі әрекет практикасы шығармашыл қиялды дамытуға мүмкіндік жасайды.

Бұл кезеңнің жаңа құрылымы – мінез-құлықтың жаңа маңызды еркін түрі: мінез-құлықта импульсивтік және ашықтық пайда болып, тәртіп нормалары мен қағидаларында көрінеді, дегенмен де бұл кезеңде өзін-өзі еркін ұстай білу дағдысы әлі де қалыптасу сатысында болады. Алғаш рет «өзін қалай ұстау керек?» деген сұрақ туады. Бала санасында өз әрекетін реттеп отыратын өзін-өзі ұстау тәртібінің үлгісі құрылады. Сол үлгі арқылы бала өз әрекетін реттеп отырады. Өз мүмкіншіліктерін, нені істей алатындығы мен істей алмайтындығын сезеді, өзгелермен қарым-қатынаста өз орнын біледі, өз әрекетін ғана емес, ішкі

жан күйінің тербелістерін (қуаныш, реніш, қобалжу, толқу т.б.) де сезінеді, ересектердің талаптарын түсініп, өз пікіріне сай келсе, саналы түрде орындай алады. Психологтардың пайымдауынша, бес жастан кейін олармен «келісуге», тапсырмалар беруге, оларды жаңа іспен қызықтыруға болады.

Рөлге бөлінетін ұжымдық ойын арқылы балалар іс-әрекетті жоспарлауға және жүйелілігін сақтауға, жағдайлардың демеуші ықпалын және қалыптасқан әсерлерін жеңуге қабілетті болады. Саналы әрекеттер жасау қабілеті пайда болады. Ересектердің іс-әрекеті, өзін-өзі ұстауы балаларға түсінікті бола бастайды.

Дәл осы кезеңде өзін-өзі ұстаудағы еркіндік бала психикасының дамуы мен жан дүниесінің қалыптасуының көзі болып табылады. Жалпы бұл құбылысты сыртқы мінез-құлқын анықтай бастайтын баланың ішкі психикалық жан-дүниесі, ойындағы әрекеттер жоспары деп тануға болады.

Бұл кезеңде баланың қоршаған әлемді түсінуге талпынысы артады және әлем туралы алғашқы түсінігінің жобасы пайда болады. Алайда, көрнекі-бейнелі ойлау — ойлау қабілетінің кең тараған түрі. Ол тікелей затқа емес, сол заттың бейнесі мен баланың зат туралы түсінігіне бағытталған.

Ойлау қабілетінің бұл түрінің маңызды шарттарының бірі — ойын. Ойын арқылы балада бір затты екінші зат арқылы елестете білу дағдысы қалыптасады. Жаңа бейне жасау мүмкіншілігі туады. Бұл мақсатты осы кезеңнің маңызды құрылымдарының бірі — елестету арқылы іске асырады.

5-6 жаста сөздік-қисынды ойлау қабілетінің күрт дамуы байқалады. Сол арқылы балада көзге көрінбейтін заттар мен құбылыстар арасындағы байланысты түсіну қабілеті қалыптасады. Осылайша, өзі қолымен ұстап, көруге болмайтын заттар мен құбылыстардың байланысын бақылауына, түсінуіне мүмкіншілік береді. Нақты бейнелі ойлауға бағытталған түсініктен, қисынды шешім шығарып, оны сөз арқылы бейнелеуді меңгереді, оқиғалар мен құбылыстардың себеп-салдарлық қатынасын белгілей алады.

Ең бастысы, 5-6 жас кезеңінде бала психикасы қалыптасу мен даму үстінде екендігін естен шығармауымыз керек.

Мектепке дейінгі кезеңнің аралығында контекстік сөйлеу (жалпыланған, көрнекілік тіректен айырылған) біртіндеп қалыптасады. Контекстік сөйлеу ең алдымен баламен ертегі, әңгіме айтқан кезде, кейін оның жеке тәжірибесінде болған қандай да бір жағдайды, оның өзіндік уайымын, әсерін бейнелеу кезде пайда болады.

Баланың сөйлеу тілінің қалыпты (уақытында және дұрыс) дамуы оған үнемі жаңа ұғымдарды меңгеруге, білім қоры мен қоршаған орта туралы елесті кеңейтуге мүмкіндік береді. Осылайша, сөйлеу тілі, оның дамуы ойлаудың дамуымен өте тығыз байланыста болады.

Әр ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін тақырыпқа сай көрнекі құралдар, түрлі суреттер, кестелер, үлестірмелі карточкалармен көркемдеп отырса, балалардың сөздік қоры біршама толығады. Орыстың ұлы педагогі К.Д.Ушинский: "Бала табиғаты үнемі көрнекілікті талап етіп отырады", - дей келе, күнбе-күн көрнекілікпен жұмыс істеудің жақсы нәтиже беретінін айтады.

Ойын арқылы баланың бойына адамгершілік қасиеттерін, өмірге құштарлығын қалыптастыруға болады.

Сонымен қатар, болашақ ұрпақтың танымдылық белсенділігін дамыту ақыл-ой тәрбиесінің бір түрі. Ақыл-ой тәрбиесінің бұл аспектісі баланың ойлау операциясының, танымдық процестерінің және қабілетінің дамуына тікелей байланысты. 6-7 жастағы баланы оқу-тәрбие процесінде дамыту мәселесінде басты рөлді ең алдымен баланың өздігімен әрекеті және танымдық белсенділігі атқарады. Ғалымдар С.Л.Рубинштейн, Д.П.Годовикова, Т.А.Куликова, А.И.Сорокинаның еңбектерінде 6-7 жастағы балалардың білуге құштарлығының, танымдық қызығушылығының, коммуникативтік сұрақтары, түрткісінің дамуын танымдық белсенділігінің көрсеткіштері ретінде атаған.

6-7 жастағы балалардың танымдық белсенділігін дамыту мектепке дейінгі ұйымдардағы педогогтардың ұйымдастыру шеберлігімен тікелей байланысты. Сондықтан тәрбиеші-педогог мамандарына түпкілікті білім берумен қатар, кәсіби іс-әрекетінің ғылыми негіздерін практикада қолдануға, практикалық біліктілік пен дағдыны қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінуде.

Ең басты талап баланың бақыты мен тағдырына жауапкершілікпен қарап, дене, физиологиялық, психологиялық даму заңдылықтарын түсіну қажет. 6-7 жастағы балалардың психологиялық ерекшелігі қоршаған ортадағы дүниені танып білсем деген қызығушылығы басым болып келеді.

Айналадағы әлемді ойын, еңбек, серуен, сабақта педогог-тәрбиешімен, ересектермен, құрдастарымен қарым-қатынас кезінде танып біледі. Осындай жетістіктерге жету үшін тәрбиеші-педагог алдында тұрған ертеңгі мектеп оқушысы деп қарап, баланың мінез құлқын, сана-сезімінің жетілу дәрежесін таным үрдістерінің (түйсігі, қабылдауы, ес, ойлау, сөйлеу, зейінінің) дұрыс бағытта қалыптасып, дамуын қадағалап әрі дамытып отыру керек.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың негізгі мақсаты – тіл дыбыстарын дұрыс айтуға жаттықтыра отырып, тілдің дыбыстық мәдениетін жетілдіру, сөздерді үйрете отырып, сөздік қорларын байыту, байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру.

5 жастағы бала барлық тіл дыбыстарын толық меңгеріп, тілдік белсенділігі артатыны бала тілінің дамуын зерттеген ғалымдардың еңбектерінен белгілі. Бұл балаларды сөзді дыбыстау мәдениетіне мектепке дейінгі кезеңде тәрбиелеу қажеттігін айғақтайды. Баланы дер кезінде дұрыс сөйлеуге үйретпесе, онда бала өмір бойы анық сөйлеп, ойын дұрыс айта алмауы ықтимал. Ауызша сөйлеуінің өз деңгейінде жетілмеуі жазбаша тілдің дамуына кері әсерін тигізеді. Тіл кемістігі бар балалардың жалпы мектеп жағдайында оқу мен жазуды толығымен меңгеруге мүмкіндігі болмайды.

Демек, жоғарыда көрсетілген кезеңдер қатаң және нақты шекараны иеленбейді. Олардың әр қайсысы келесі кезеңге қалыпты түрде өтеді.

Балалардың сөйлеу тілінің даму үрдісі уақытында және дұрыс өту үшін бала:

- Психикалық және соматикалық жағынан сау болу керек;
- Қалыпты ақыл-ой қабілеттерін иемдену қажет;

- Естуі және көруі қалыпты болу керек;
- Жеткілікті психикалық белсенділікке ие болу керек;
- Сөйлеу арқылы қарым-қатынасты қажетсіну керек;
- Толыққанды сөйлеу ортасын иелену қажет.

Баланың сөйлеу тілінің қалыпты (уақытында және дұрыс) дамуы оған үнемі жаңа ұғымдарды меңгеруге, білім қоры мен қоршаған орта туралы елесті кеңейтуге мүмкіндік береді. Яғни, сөйлеу тілі, оның дамуы ойлаудың дамуымен өте тығыз байланыста болады.

Шведтік нейробиолог Холгер Хиден зерттеулерінде баланың миындағы клеткалардың бір-бірімен байланыстыратын талшықтар (нейрондар) тек ойлау әрекеті болған жерде ғана молайып, жиілей түсетіндігін, сондықтан өте жас кезде баланың миын жұмыс істеуге ынталандырып отыру керектігіне назар аударады. Белсенді ой қызметінсіз клеткалар бай талшықтар құрай алмайтындығын, содан барып олардың қызметі төмендеп бара-бара жойылатындығына көз жеткізеді.

Дыбысты меңгерудің өзі бала өзінің сөйлеу және тыңдау аппараттарын меңгерген өмірінің бірінші жылында басталады. Алғашқыда бала белгілі бір эмоциялы жағдай негізінде әлеуметтік мәні жоқ дыбыс шығарады. Тілдің дыбыстық жағын меңгеру Д.Б.Элькониннің пікірі бойынша, тіл қарым-қатынас құралы ретінде қызмет ете бастаған кезден басталады. Бір жағынан, бұл балаға қаратып айтылған сөзді түсінуі, екінші жағынан – алғашқы өзінің айтқан сөздері.

Баланың сөзді ерте кезде қабылдауы ырғақты-мелодикалық құрылым негізінде жүреді. Сөздің фонематикалық құрылымы қабылданбайды. Ғалым Н.Х.Швачкин бұл этапты «фонемаға дейінгі тіл дамыту» деп атады. Баланың сөздерді дыбыстау кезеңдерін қарастыратын болсақ, 10-11 айда сөз қарым-қатынас құралы бола бастайды және тілдік құрал сипатына ие болады. Фонемалы тіл дамыту кезеңі басталады.

Бірінші жылдың аяғына қарай алғашқы сөздер пайда болады. Өмірінің екінші жылы басталуымен дыбыстарды ажырату басталады. Бастапқы кезеңде дыбыстың қойылуына тән ерекшелік дыбысты айтуда артикуляцияның тұрақсыздығы болып табылады. Тіпті бір сөзде бір дыбыс бірнеше рет қатарынан айтылғанда да бір дыбыстың орнына әртүрлі дыбыстық нұсқалар айтылады.

Жаңа фонетикалық элементтер тобымен пайда болады. Көпшілік дыбыстар дұрыс қалпында бірден қалыптаса қоймайды, ол біртіндеп, аралық дыбыстар арқылы қалыптасады.

Ауысатын «орынбасар дыбыстарды» білудің үлкен мәні бар. Дыбыстардың ауысу процесі күрделі және ерекше болып келеді. А.Н.Гвоздев тіл дамыту үдерісінде айтылмаған дыбыстар баланың мүмкіндігіндегі басқа дыбыстармен ауысады деп санайды. «Бір дыбыстың басқамен ауысу жүйесі, негізінен, дыбыстардың артикуляциялық жақындығына, ең алдымен жасалу орнына қарай топтасуын негізге алады».

Балалар дыбыстың дұрыс айтылуын меңгерген кезде оны керек жерінде де, керек емес жерінде де пайдалана бастайды, тіпті сол дыбысты кезінде ауыстырған дыбыстың орнына да айтады. Бала ш дыбысының айтылуын меңгергеннен кейін (бұрын с деп айтқан), енді с дыбысы айтылатын сөзде де ш-

ны айтады, «шағат», «шу» деп айтатын балалар кездеседі. Ғалымдар бұл құбылысты «артығымен қолдану» деп түсіндіреді немесе дыбыстың кері ауысуы бұл меңгерілген дыбыс біршама уақыт күшті тітіркендіретін – доминант болып, орнына жұмсалған дыбыстан жекешеленуінің жеткіліксіздігінен соңғы меңгерілген дыбыс алдыңғыны заңды тұрған орнынан ығыстырып жібереді (арма-алма, ала-ара).

Тілдің фонетикалық жағын дамытудың негізгі жолынан бала 3-5 жас аралығында өтеді. Үш жасқа дейін баланың сөйлеу тілі қалыптасқанда, ызың (ш, ж), ысқырық (с, з), үнді (р, л, н) дыбыстарын айту қиындық тудырады.

Ана тілін үйренуде сөйлеу дағдысының пайда болу интенсивтілігі тілдік ортаның мүмкіндігіне – табиғи (үйде үйреткенде) немесе басқа жолмен, яғни әдістемелік құралдармен (мектепке дейінгі ұйымдарда) арнаулы дайындаған тілдік ортаға байланысты.

Тілдік ортаның даму потенциалы әдетте оны жасаған кезде тілді үйрену заты ретінде және сөйлеуде тілдің жұмыс ерекшеліктерін, сондай-ақ баланың әр түрлі жас сатысында тілді үйрену психологиясын неғұрлым дәлдікпен ескерсе, соғұрлым жоғары болады.

Педагог бала тілін дамытумен бірге мидың жұмысын да қалыптастырады, сөйлеу бұлшық еттерінің жұмысы да қалыптасады, дамиды. Демек, бала тілінің дамуы мен сөйлеу бұлшық еттерінің арасында, сөйлеу дағдыларының арасында тікелей байланыс бар. Баланың ана тілін меңгеру қабілеті сөйлеу органы бұлшық еттерінің машықтанғандығына байланысты болады, егер бала фонемаларды дыбыстауды (артикулеуді), сондай-ақ дыбыстар кешенінен оларды дауыстап бөліп алу қабілетін игерсе, кез келген тілді үйрене алады. Баланың тілді үйренуі үшін сол тілдің әрбір фонемаларын және оның позициялық нұсқаларын айтуға қажетті сөйлеу аппаратының қозғалысы жаттықтырылған болуы керек, ал бұл қозғалыстар баланың естуімен сәйкес болғаны жөн.

Тілдің дыбыстық мәдениеті екі бөлімде айқындалады: сөзді айта білу және сөзді тыңдай білу мәдениеті. Сондықтан да жұмыс екі бағытта жүргізіледі:

1. Сөйлеу аппаратын дамыту (артикуляциялық аппарат, дұрыс тыныс алу) және соның негізінде дыбыстың, сөздің айтылуын, нақты артикуляциясын қалыптастыру;

2. Сөзді қабылдауын дамыту.

А. Максаков пен Г. Тумакова сөздің дыбыстық жағын меңгеруге ерекше мән берген: «Сөздің дыбыстық жағын игеру – балалар үшін күрделі үдеріс. Бұл үдерісті былай анықтауға болады:

- сөздің қалай дыбысталатынын тыңдау арқылы;
- дыбыстарды дұрыс айту және ажырату арқылы;
- сөз ішінен дыбыстарды өздігінен танып, оңай ажыратып алу;
- сөздерді белсенді қолдану арқылы».

Жоғарыда айтылған пікірлерді негізге ала отырып, ізденуші Г.Ж.Омарова тіл дыбыстарын меңгертуді өз ретімен бір-бірін жалғастырып отыратын төрт кезеңге бөліп қарастырады:



Бірінші дайындық кезеңінде артикуляциялық аппаратты дайындау мақсатындағы жаттығулар жүргізіледі. Бұл кезең сөйлеу аппаратын дайындап, оның моторикасын, тыныс алуды дайындауды қамтиды. Дыбыстарды дұрыс айту дыбыстау мүшелерінің әрекетіне біртұтас тәуелді болады (тіл, ерін, жұмсақ таңдай, тістер және т.б.), олардың қозғалмалығы мен иілгіштігіне, артикуляциялық қозғалыстардың координациясына, олардың күші мен дәлдігіне байланысты болады. Мысалы, дыбысталуы қиын *p* дыбысы тілдің қозғалысының иілгіштігін, тіл ұшының жылдам вибрациясын талап етеді. Ызың дыбыстар күшті ауа ағынын, тілдің «қасық» формасында көтерілуін, еріндердің дөңгелектенуін және олардың алға қарай біршама шығуын талап етеді. *P* дыбысын дұрыс айтуға артикуляциялық аппаратты дайындау мақсатында дайындық кезеңінде «Кімнің тісі таза» ойын-жаттығуын жүргізуге болады. Мақсаты: тілді жоғары көтеріп үйрету.

Қысқаша сипаттамасы: ауызды аздап ашып тұрып, тілді оңға-солға жылжытып, тілдің ұшымен жоғарғы тістерін іш жағынан «тазалайды».

Ерін жымыған күйінде, астыңғы, жоғарғы тістері көрініп тұрады. Тіл ұшы жоғарғы тістердің түбінде орналасады.

Осы кезеңде артикуляция мүшелерін жүйелі жаттықтыру қажет, қажетті қалып беру мақсатында, тілдің бұлшық еттерін жаттықтыруға, еріннің, жақтың қозғалмалығына бағытталған, ауа ағынын, дұрыс тыныс алуды қалыптастыруға бағытталған жаттығулар жүргізіледі. Сөйлеу аппаратын дайындау мақсатында алуан түрлі ойын түрінде жүргізілетін жаттығулар қолданылады, бұл өз кезегінде оларды бірнеше рет қайталау үшін жағдай жасайды.

Екінші - тіл дыбыстарының қалыптасуы немесе дыбысты қою кезеңі – дыбыстың жеке айтылуын қалыптастыратын ойын жаттығулары арқылы іске асады. Дыбыстарды қою артикуляциясы бойынша оңай дыбыстардан басталады және аса қиын дыбыстармен аяқталады (бағдарламада көрсетілгендей); олардың бірізділігі фронтальды және жеке жұмыс үшін сақталады (ызың, ысқырық, *p*, *л*, *ң*). Дыбыстың толыққанды болмауы немесе оның тұрақсыз дыбысталуы көпшілік мектепке дейінгі жастағы балаларда жиі байқалады, бұл жағдайда баланың зейінін тіркеу жеткілікті. Бұл еліктеу бойынша дыбысты қою болып табылады. Мысалы «*P*» дыбысы бойынша дыбысты қою кезеңі «ұшақ ұшуға дайындалады», «мотоциклдің моторы жұмыс істеп тұр», «иттің немесе күшіктің ырылдауы» сияқты ойын-жаттығулары арқылы жүргізіледі.

Үшінші - дыбыстарды бекіту және автоматтандыру кезеңі. Дыбыстарды автоматтандыру - бұл дыбысты буын, сөз, сөйлем ішінде дұрыс айтқызу. Бала дыбысты жеке тұрған күйінде дұрыс айтқанымен, сөйлеу тілінде оны басқа дыбыстармен шатастырып, кейде түсіріп, кейде қате айтуы кездеседі. Дыбыстың сөз, сөйлем ішінде дұрыс айтылуын қалыптастыру жаңылтпаштар, жұмбақтар, мақал-мәтелдер, түрлі тапсырмалар орындау бағытындағы ойын жаттығулар бойынша жүргізіледі.

Мысалы, *p* дыбысын буын, сөз, сөйлем ішінде айтқызып жаттықтыруда (сергіту сәті ретінде қимылмен орындалады)

Ра-ра-ра – ұшып келді ара,

Ар-ар-ар – тауға жауды қар  
Ыр-ыр-ыр– шаршап қалсаң отыр  
немесе

Омар ора алар,  
Омар ора алмаса,

Орал ора алар сияқты жаңылтпаштарды пайдалануға болады.

Төртінші кезеңде дыбысталуы бір-біріне жақын, шатастыратын дыбыстарды ажырату бағытында жұмыстар жүргізіледі. Дыбыстарды ажырату бойынша жұмыстар шатастыратын екі дыбысты баланың кез келген үйлесімде дұрыс айтпауынан басталады, сонымен бірге, әрдайым дұрыс қолданыла бермейді және басқа дыбыспен алмастырылады. Балалар жаңа дыбысты бірқатар ұқсас дыбыстардан айыра алмайды және оларды шатастырады.

Алайда, тілдің дыбыстық жағын қалыптастыру жұмысының осынша мәнділігіне қарамастан, мектепке дейінгі ұйымдарда мектепке баратын әрбір баланың таза сөйлеуі үшін барлық мүмкіндіктер пайдаланылмай келеді.

Зерттеу материалдары бойынша дыбыстарды дұрыс айтуы жетілмей мектепке келген балалардың 15-20%-ы балабақшадан келген балалар, бес жасында мұндай балалар 50% шамасында.

Демек балалардың ақыл-ойына, қабілеттерінің дамуына жетудің бірден-бір жолы – өзара тілдік қарым-қатынас болғандықтан, педагог әр баланың табиғи қабілетін ескере отырып, әрдайым жанында достық қарым-қатынаста болса, оқыту мазмұнын жаңғыртуға, әрі тиімді әдіс-тәсілдерді кеңірек қолдануға еркін жол ашады.

Балаларға қазақ тілінің тоғыз төл дыбыстарын айтуға жаттықтыру арқылы сөйлеу тілін дамытуға болады.

**Ә; І; Ң; Ү; Ұ; Қ; Ө; Ғ; Һ**

Оқу іс-әрекет барысында «Ертегілер елінде» тақырыбы бойынша «Жеті лақ» ертегісімен таныстыруға болады.

1. Оқимыз.
2. Ертегіні аудио таспа арқылы тыңдаймыз.
3. Ертегіні интерактивті тақтамен көру.
4. Ертегіні кейіпкерлерге бөлу.
5. Ертегідегі (қасқыр, лақ) сөздеріндегі «Қ» әрпіне тілдерін жаттықтыруға арналған жаттығулар жасату.

Мысалы: Қ-дыбысының айтылуын. Қаз; Қой; Құс; Қыс; Қи; Қу;

Жаттығулар орындату арқылы дыбысты таза, анық айтуға жаттықтыру.

1. Ертегіні сахналау
2. Саусақ театры арқылы ойнату

Тілдік қарым-қатынаста түсіну дағдыларын дамыту (тек, қазақ тілін де түсіндіру).

Мектепке дейінгі ерте жастағы балаларға мемлекеттік тілді үйретуде топқа жағымды психологиялық климат, мейірімді орта, қазақ тілінде тілдесудің қуану сияқты факторлары да септігін тигізеді.

Тілді үйретуде балалардың сөздік қорын дамыту, сөздіктерінің белсенділігін арттыру, күнделікті өмірде қолдана білуіне бағыт беру, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтырып, тіл мәдениетін жетілдіру, сөйлем құрап, сөйлесу тәжірибесін ұдайы ұйымдастыру балалардың тілге деген сүйіспеншілігін арттырады. Бүлдіршіндеріміздің мемлекеттік тілге деген сүйіспеншіліктерін ерте жастан бастап қалыптастырудың, ой-өрісін кеңейтуде білімдік-тәрбиелік жағынан маңызы зор.

### ***Оқытудың инновациялық технологиялары арқылы педагогтардың кәсіби құзіреттіліктерін жетілдіру***

Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде балалардың жеке басының қалыптасуы мен дамуында педагогтардың инновациялық технологияларды қолдана білу сауаттылығымен де тікелей байланысты. Жаңа технологияны, әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану білім сапасын арттырады.

Инновация ұғымына жалпы энциклопедияның жаңа басылымында «инновация» - жаңалық, жаңару – техникалық және технологиялық жетістіктер мен жаңалықтардың іс жүзіндегі қолданысы» деген анықтама беріледі. Ал, сөздікте «новация» – бар нәрсенің ішінара жаңаруы, яғни қандай да бір бөлігінің, қасиетінің, байланысының өзгеруі» делінсе, «инновация» – мүлдем жаңа нәрсе, жаңалық» ретінде пайымдалады.

«*Инновация*» сөзі латын тіліндегі *in* (ішіне) *novus* (жаңа) сөздерінен құралып, жаңару, жаңалық, өзгеру деген мағынаны білдіреді. Инновация ұғымының шығу кезеңі мен тарихын дәл анықтау мүмкін болмаса да, бұл ұғым қоғамдық ғылымдарға жаратылыстану ғылымдарынан келген деп есептеледі. Өйткені, инновациялар көбіне экономика, техника, агрономия, өнеркәсіп және медицина салаларында кеңінен қолданылады. Инновациялар қоғамның пайда болу кезеңінен бері жүзеге асырылып келе жатса да, педагогикалық категория ретінде ХХ ғасырдың 70-80 жылдарында ғана қолданысқа енгізілді.

Ғалым Н.Нұрахметов «*Инновация*» ұғымына: “Инновация, инновациялық үрдіс деп отырғанымыз – білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызметі” деп, анықтама берген.

Демек инновация сөзіне қазақша анықтама беретін болсақ, жаңалық, жаңашылдық, өзгеріс дегенді білдіреді. Педагогикалық үдерісте инновация оқыту мен тәрбиенің әдіс-тәсілдері, түрлері, мақсаты, мазмұны, сондай-ақ, мұғалім мен білім алушының бірлескен қызметін ұйымдастыруға жаңалық енгізу болып табылады.

Ал жаңашылдық – білім беру саласының алдында тұрған жаңа міндеттерді сәтті орындаудың негізгі шарттарының бірі болып саналады. Ол оқу-тәрбие жұмыстарының тиімділігі мен өнімділігін арттыруға үлкен септігін тигізеді.

*Педагогикалық технология* – педагогтың кәсіби қызметін жаңартушы және сатыланып жоспарланған нәтижеге жетуге мүмкіндік беретін іс-әрекеттер

жиынтығы. Педагогикалық технологиядағы басты мақсат – білім алушының оқу-танымдық әрекетін жандандыра отырып, алға қойған мақсатқа толықтай жету.

Оқыту үрдісін жандандыру білім алушылардың оқу материалының теориялық мазмұнын игеру жөніндегі еңбегін тиімді ұйымдастыру және олардың практикалық іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

Оқу үрдісінің тиімділігі мен сапасы педагогтың әдістемелік дайындығы және сабақ жүргізу тәсілдері мен әдістеріне, инновациялық технологияларды игерулеріне тікелей байланысты. Педагогикалық технология кәсіптік қызметтің ерекше түрі болып табылады. Оқытудың инновациялық технологиясын меңгеру педагогтен орасан зор іскерлік пен шығармашылыққа негізделген ізденістерді қажет етеді. Осындай мақсат көздеген жүйелі ізденістер педагогтың жаңа технологияны меңгеруіне, инновациялық жетілуіне әкеледі.

Педагогикалық технологияны қолдану негізінде келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына жағдай жасау әрбір педагогтың міндеті. Білім беру жүйесінде қолданылып жүрген педагогикалық технологиялар: ынтымақтастық педагогикасы, білім беруді ізгілендіру, ойын арқылы оқыту, проблемалық оқыту, модульдік оқыту, тірек сызбалар арқылы оқыту, дамыта оқыту, өздігінен оқыту, сын тұрғысынан ойлауды дамыту, оқытудың ақпараттық технологиясы, бағдарламалап оқыту, деңгейлеп оқыту т.б.

*Ойын арқылы оқыту* технологиясының мақсаты дидактикалық, тәрбиелік, дамытушылық мақсатқа жету. Ойын технологиясының ерекшелігі ойындық іс-әрекеттің психологиялық механизмі жеке бастың өзіндік талап-талғамдарына сүйенеді. Баланың бойындағы білімділік, танымдық, шығармашылық қасиеттерін ашуды көздейді.

*Проблемалық оқыту технологиясы* – баланы өз бетімен ізденуге үйрету, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту.

*Өздігінен даму технологиясы* – бұл баланы жан-жақты дамыту, дербестікке тәрбиелеу, бала санасында нәрселер әлемі мен ойлау әрекетінің бірігуі. М.Монтесори педагогикасының түсіндіруінше, баланың туғаннан азамат болғанға дейінгі барлық өмірі – оның еркіндігі мен дербестігінің дамуы болып табылады. Бұл технологияның ерекшелігі оқытудың бірыңғай бағдарламасы болмайды, әркім табиғат берген даму жолымен жүреді.

*Ынтымақтастық педагогикасы* – педагогтың талап ету педагогикасынан қарым-қатынас педагогикасына көшуі. Балаға ізгілік тұрғысынан қарау, оқыту мен тәрбиенің ажырамас бірлігі: педагог-бала, бала-педагог, бала-бала, яғни бала да педагог те субъектілер болып табылады. Сонымен қатар, баланың жеке басына ізгілік қарым-қатынас, бала мен педагог арасындағы өзара түсінушілік, ынтымақтастық қарым-қатынас жасау. Бұл технологияның негізгі мақсаты – баланы азамат етіп тәрбиелеу, олардың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту, баланың жаны мен жүрегіне жылылық ұялату.

*Деңгейлеп саралап оқыту технологиясы* – білім, білік, дағдыны меңгерту болып табылады. Әр баланы қабілеті мен мүмкіндік деңгейіне қарай оқыту, балалардың әртүрлі топ ерекшеліктеріне сәйкес оқытуды бейімдеу, ыңғайлау.

*Модульдік оқыту технологиясы* – оқытудың тұтас технологиясын жобалау, алға қойған мақсатқа жетуді көздейтін педагогикалық процесті ұйымдастыру, педагогқа нәтижені талдап, түсіндіріп бере алатындай жүйені таңдау және құру. Балалармен жүргізілетін жұмыстарда кездесетін қиыншылықтардың алдын-алу және түзету жұмыстарының жүйесін құру.

*Дамыта оқыту технологиясы* – баланы оқыта отырып, дамыту. Бала бойында еркіндік, мақсаткерлік, ар-намыс, мақтаныш сезім, дербестік, адамгершілік, еңбексүйгіштік, белсенділік т.б. қасиеттерін дамыту.

Сонымен қатар, мектепке дейінгі мекемелерде инновациялық білім беру құралдарын қолданудың да маңызы зор. Инновациялық білім беру құралдарына: аудио, бейне, құралдар, компьютер, интерактивті тақта, интернет, мультимедиялық құрал, электрондық оқулықтар мен оқу әдістемелік кешендер және т.б. жатады.

Қазақ тілін оқытуда жаңа технологияларды, техникалық құралдарды оқу іс-әрекетте жан-жақты қолдану, педагогтың көптеген қиындаған қызметтерін жеңілдетеді және осы іскерліктің ұстанымды жаңа тәсілдерінің пайда болуына мүмкіндік туғызады.

Білім беру үдерісін ақпараттандыру – жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарлатуды көздейді.

Мектепке дейінгі ұйымдарда мультимедиялық оқулықтарды кеңінен пайдалану арқылы педагог уақытты тиімді және ұтымды пайдаланады. Мультимедиялық оқулықтар біріншіден, балалардың қызығушылығын арттырады, екіншіден, зейін қойып көрумен қатар түсінбеген жерлерін қайта көруге мүмкіндік береді. Өйткені, балалардың зейіні әр түрлі әдемі түстерге, ойыншықтарға, әдемі суреттерге, әсемдікке әуес болады. Балалардың пәнге деген қызығушылықтарын арттыруда, бала бойындағы қабілеттерді анықтап, ары қарай жетілдіруде, жеке тұлға қабілетін дамытуда инновациялық технологиялардың маңызы зор. Сондықтан оқу іс-әрекет барысында электронды оқулықтарды пайдалану балалардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен еңбек етуге жағдай жасайды.

Қазіргі кезде педагогикалық инновацияның білім беру жүйесіндегі маңызды мәселелерінің бірі – жаңалықтарды топтастыру. Педагог үшін ашылған жаңа әдісті жан-жақты түсіне білу үшін, бұл жаңалықтың басқа жаңалықтардан ерекшелігін, айырмашылығын, артықшылығын көре білу.

Бәсекеге қабілетті білім кеңістігін құруға Қазақстандық білім беру реформасының ең басты мақсаттарының бірі иновациялық технологияларға сүйене отырып, балалардың ерте жастан танымдық қасиетін қалыптастыру арқылы практикалық өмірде пайдалануға жол ашу. Осындай мәселелерді шешуде мектепке дейінгі мекемелердің алатын орны ерекше.

Ал педагогтің кәсіби біліктілігі өз кезегінде оның жеке педагогикалық мәдениетін көрсететін өлшем. Оған әрбір маманның жеке мәдени деңгейі,

адамгершілігі, таным түсінігі, тәрбиесі, ізденімпаздығы, зерттеушілігі т.б жатады. Олар жаңалықтың жаршысы ретінде оқытудың тәсілдерін, озық тәжірибелерін сараптап, үнемі шығармашылық ізденіс үстінде болуды талап етеді. Жас ұрпақты тәрбиелеуші педагог мамандардың рухани адамгершілік қасиеттері, психологиясы, кәсіби даярлығы, қарым-қатынас мәдениеті қай кезеңде болсын білім саласының алғы шарты ретінде бағаланады.

Білім мазмұнын жаңарту қоғамның әлеуметтік және экономикалық дамуының негізгі факторларының бірі ретінде жеке тұлғаға бағытталған болуы керек. Әлемдік білім кеңістігіндегі жалпы адамзаттық құндылықтар мен ұлттық құндылықтардың ескерілуі, білім беру бағдарламаларының мазмұны әрбір білім беру сатылары мен жас ерекшелігіне сәйкес балалардың заманауи талаптар деңгейінде білім-білік, дағдыларын қалыптастыруға бағытталуы, жеке тұлғаны қалыптастыруда білім мазмұнын жаңартуда ұлттық және әлемдік мәдениеттің кіріктіріле қарастырылуы өте маңызды.

Педагог ғалым Ф.Н.Жұмабекова білім беру мазмұнын жаңартуда инновациялық технологияларды пайдалану арқылы тәрбиеші педагогтардың кәсіби құзіреттіліктерін жетілдірудің басым бағыттары мен оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыруда тікелей басшылыққа алатын негізгі құзіреттіліктеріне тоқтала отырып, оларды - инновациялық технологияларды пайдалана білу құзіреттілігі, құндылық түсінігі құзіреттілігі, жалпы мәдени құзіреттілігі, танымдық-тәрбиелік құзіреттілік, коммуникативтік құзіреттілік, әлеуметтік-қызмет құзіреттілігі, жеке тұлғалық өзін-өзі жетілдіру құзіреттілігі, ақпараттық құзіреттіліктер – деп, әрқайсысына жеке тоқталады.

Кәсіби құзіреттілікті жетілдірудің басым бағыттарына *инновациялық технологияларды пайдалана білу құзіреттілігі* жатады. Мұнда білім беру саласындағы жаңа технологияларды тиімді пайдалану арқылы тәрбиелеу мен білім беру үдерісінде қарапайым ойын-зерттеу іс-әрекеті дағдыларын қалыптастыруы, түрлі тіршілік проблемаларын немесе жағдайларын сапалы және табысты шешу әрекетін қамтамасыз ете алуы, жеке тәжірибеге енген жан-жақты білімі, икемділігі, дағдысы, қабілеттер жүйесі, кәсіби біліктілік деңгейін арттыру көзделеді.

*Танымдық-тәрбиелік құзіреттілік* – тәрбиеленушінің дербес танымдық іс-әрекеті арнасындағы құзіреттіліктер жиынтығы. Қарапайым білім мазмұнын меңгеру, жоспарлау, талдау, танымдық-тәрбиелік әрекетке өзіндік баға беру, қарапайым тәжірибе жасау әдісінде - баланың өзінің шығармашылық ізденісінің болуы. Оның негізгі құрамы – мәселені айқындау, болжам жасау және қалыптастыру, бақылау, тәжірибе, эксперимент және осылардың негізінде пайымдау мен қорытынды жасау.

*Жеке тұлғалық өзін-өзі жетілдіру құзіреттілігі* – бұл тәрбиеші педагогтың дене, рухани және интеллектуалдық өзіндік дамуы, эмоционалдық тұрғыда өзін-өзі реттеу мен жүзеге асыру тәсілдерін меңгеруіне бағытталады.

*Әлеуметтік-қызмет құзіреттілігі* – бұл тәрбиеші педагогтың қоғамдық ұйымдар шеңберіндегі (меңгеруші, тәрбиеші, дәрігер, психолог, музыка жетекшісі, ата-ана т.б. рөлін орындау), әлеуметтік-қызмет аумағында

(тұтынушы, сатып алушы, өндіруші), отбасы қатынастары мен міндеттері көлемінде, экономика және құқық сұрақтарында, кәсіби бағдар бойынша білімдері мен тәжірибелерін меңгеруін көрсетеді.

*Құндылық түсінігі құзіреттілігі* – бұл тәрбиеші педагогтың білім мазмұны арқылы балаларға құндылық бағдар беруі, қоршаған әлемді көре білуі мен түсіну қабілетін дамытуы, өзінің ондағы рөлін сезінуі, өз іс-әрекетінің мәнділік және мақсатты ұстанымының болуы, шешім шығара білуі. Бұл құзіреттілікті меңгерген педагог оқу-тәрбие жұмысында өз білімі мен біліктерін жүзеге асыра білу қабілетіне ие болады, нәтижесінде баланың жеке білімдік кеңістігі және оның өмірлік әрекет бағдарламасы қалыптасады.

*Жалпы мәдени құзіреттілігі* – мұнда педагогтың таным мен жалпы адамзаттық мәдениет, ұлттық мәдениет аймағындағы адамның іс-әрекет тәжірибесі, адамзат қоғамы мен жеке халықтардың, адам өмірінің рухани-адамгершілік түсінігінің болуы қарастырылады. Оған адам өміріндегі ғылым мен білімнің рөлі, әлеуметтік құбылыстар мен дәстүрлер, отбасы мәдениеті, олардың қоршаған әлемге әсері, балаларға оны игертуі мен мәдени тұтастықты сезінуі.

*Ақпараттық құзіреттілік* – бұл тәрбиеші педагогтардың балаларға тәрбиелеу мен білім беру үдерісі аясында, сондай-ақ қоршаған әлем туралы ақпаратты қолдана білу дағдылары. Түрлі нысаналар (теледидар, ұнтаспа, телефон, компьютер) және ақпараттық технологиялар (бейнетаспа, электрондық пошта, Интернет т.б.) көмегімен ізденімпаздық біліктері қалыптасып, ақпаратты талдау, саралау, сараптау, сақтау және оны тарата білуге үйренеді. Бұл материалды талдап қорыту әдісі арқылы жүзеге асырылады.

*Коммуникативтік құзіреттілік* – педагогтардың тілдерді білуі, айналасындағы адамдармен еркін сөйлесе алуы, топта жұмыс істей білу дағдысы, түрлі әлеуметтік рольдерді меңгеруі. Баланың айналасындағы адамдармен тез тіл табыса алуы, өзін таныстыра білуі, сұраққа жауап бере алуы, әңгімеге қатыса білуі, сипаттап айта алуы, сөйлеу мәдениетін қалыптастыра білуі т.б. қажет.

Сонымен қатар, педагогтар өзінің кәсіби құзіреттілігін жетілдіруде мына мәселелерге: білім мазмұнын жаңарту жолдарын анықтай алуға; бағдарлама бойынша жаңартылған білім мазмұнын игертудегі қызығушылықтарының болуына; қажеттіліктері, белсенділіктері, ізденістері мен білім берудің әдістемесін толық меңгеруге; білім-білік дағдылардың дәрежесіне сәйкес болуын қадағалай білуге; білім мазмұнын жаңарту мәселесіне қатысты теориялық, әдістемелік дайындығының жеткілікті деңгейде болуына; мақсатқа жетуге байланысты тиімді жолдарды таңдай алуға; ұсынылған жаңа білім мазмұнын игеруі және оны эмоционалдық көңіл күймен, қызығушылық пен қабылдауға; балалармен жүргізілетін ойын, еңбек, оқу іс-әрекетінің міндеттерін жүзеге асыруға, талдау жасауға, түзету жұмыстарын жүргізе білуге ықпал ете алуға; шығармашылықпен болжам жасай білуге, нәтижеге жетуге ұмтылысының болуына баса назар аударуы қажет.

Жоғарыда аталған құзіреттіліктердің барлығы бүгінгі педагог мамандардың жас ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім берудегі инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруіне бағытталған.

Сондықтан баланың қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасау керек. Ғылым мен білім жетісітігін бала жанына түсінікті, қарапайым әдістермен жеткізу бағытында педагогтың ерекше дайындығы мен педагогикалық шеберлігі қажет. Педагогикалық шеберлік дегеніміз – үнемі жетілдіріп отыруды қажет ететін балаларды оқыту мен тәрбиелеу өнерінің негізі. Яғни педагог – өз ісінің шебері, өз мамандығын терең меңгерген, ғылымның тиісті салаларынан хабардар, оқыту мен тәрбиенің әдістемесін жетік меңгерген адам болуы тиіс.

### *Шетелдік ғалымдардың балаларға ерте жасан тілді үйрету тәжірибелері*

Жалпы әлем елдерінің тәжірибесінде тіл үйрету отбасынан, яғни балабақшадан басталады екен. Мысалы, Қытайда жекеменшік балабақшалар оқу бағдарламаларында шет тілін пән ретінде оқытады. Бірақ, бұл елдегі мектепке дейінгі мекемелер тәрбие-білім беру жұмыстарының бірыңғай бағдарламасы – мектепке дейінгі оқытудың Нұсқаулық бағдарламасы (экспериментті нұсқасы) бойынша жұмыс істейді.

Аталған бағдарлама күншығыс елінің (2001 ж.) Білім министрлігімен бекітілген және Л.С.Выготскийдің, Ж.Пиаженің, Г.Гарднердің және қытайлық педагог Дао Сичжидің теорияларының негізінде, сондай-ақ, итальяндық Реджонель-Эмилия қаласында жүргізілген педагогикалық эксперимент тәжірибесін қорыту негізінде жасалған. Қытайдың жаңа тарихы бойынша мектепке дейінгі тәрбие екі кезеңге бөлінеді. Оның алғашқысы 1981 жылдан, екіншісі 2001 жылдан басталады.

2001 жылғы бағдарламасы денсаулық (денсаулығын нығайту, салауатты өмір салтының негіздеріне), сөйлеу (коммуникативті белсенділігін арттыру, сөйлеу қабілеттерін дамыту), әлеуметтік дағдылары (ар-намысын дамыту, өзіне сенімділік, басқаларға қамқор болу және олармен жақсы қарым-қатынас орнату қабілеті, толық тұлғалық дамуы), ғылыми қызығушылық (білмекке құмарлығын ынталандыру және білім алуға ұмтылдыру, танымдық қабілетін дамыту), өнер (эстетикалық сезімдерін қалыптастыру, эмоциялы елгезектікке және ғажап дүние жасауға ықыласты етіп тәрбиелеу) деп аталатын бес бөлімнен тұрады.

Ал, Түркияның мектепке дейінгі оқыту жүйесіне зер салсақ, түрік балаларының небәрі 5-10% ғана мектепке дейінгі мекемеге барады екен. Бұл да болса, үлкен қалаларда тұратын, анасы жұмыс істейтін отбасылардың балалары. Өйткені, бұл елде, егер әйел үй шаруасында отырса өздері тәрбиелегені жөн деп саналады. Түркияның білім беру жүйесінің өз ерекшеліктері бар. Түріктерде мектепке дейінгі оқыту мүмкіндігінше 3 жас пен 5 жас аралығында басталады. Балабақшаларда оқыту жүйесі балаларға арналған клубтар, гимнастика сыныптары, әуесқойлық сыныбы, ағылшын тілі бойынша жеке сабақтар түрінде жүреді.



Ұлыбританияның мектепке дейінгі білім жүйесі Роберт Оуэннің, Руссоның, Песталоццидің, Фребельдің және Монтессоридің идеяларына негізделген екен. Бұл елде мектепке дейінгі білімді мемлекеттік және жекеменшік оқу орындарынан алуға болады. Ағылшын балалары да өзге елдердегі секілді 3 жасынан бастап балабақшаға барады. Қазір Ұлыбританияда 3-4 жас аралығындағы балалардың 25%-ға жуығы балабақшамен қамтылған. Ел бойынша жақсы жабдықталған жекеменшік және мемлекеттік мектепке дейінгі бірталай мекеме бар.

Мектепке дейінгі оқытудың негізгі бағдарламасы жеке, қоғамдық және эмоциялық даму, қатынас, тіл және сауаттылық, математикалық қабілетін дамыту, ойлау қабілетін дамыту, дене дамуы, шығармашылық дамуына бағытталған. Бірақ әрбір даму аясына кететін уақыт белгіленбеген.

Жапонияда балабақша ең алғаш 1876 жылы ашылған екен, ол балабақшаларға тек ауқатты отбасының балалары барған. Білім беру реформасының бағдарламасына мектепке дейінгі оқытуды екінші дүниежүзілік соғыстан кейін енгізген.

Бұл елде мектепке дейінгі білім 4-6 жас аралығында өтеді. Мұнда да мемлекеттік және жекеменшік балабақша болып екіге бөлінеді. Мемлекеттік Хойкуэн балабақшасы баланы үш айлығынан қабылдайды. Ол таңертеңгі 8-ден кешкі алтыға дейін сенбі күндері жарты күн жұмыс істейді. Балабақшалардың басқа түрлері – етиен деп аталады. Бұлар мемлекеттік те, жекеменшік те мектепке дейінгі мекеме болуы мүмкін.

Айта кетерлігі, жапон балабақшаларындағы топтар шағын ғана 6-8 баладан құралады және тәрбиешілері де жиі ауысып отырады екен. 1956 жылғы білім беру туралы заңдарына сәйкес балабақшалардың негізгі бағдарламалары денсаулық, тұлғааралық қатынас, қоршаған орта, тіл, музыка-ырғақ, бейнелеу-қолөнер бағыттарында оқытылады. Ұжыммен үйлесімді жұмыс істей алатын адам тәрбиелеу жапон педагогикасының негізгі міндеті.

Шетелдік ғалымдардың тәжірибесі бойынша шет тілін қарым-қатынас тілі ретінде қолданғанда баланың психологиялық кедергілерді сезінбейтін кезеңінде меңгерту қолға алынған. Ол үшін балалардың сөйлеу мүмкіндіктерін есепке алып, қарапайым коммуникативтік шеберлігін қалыптастыру; балаларды шетелдік құрбыларының өмірімен, шетелдің әндерімен, тақпақ және ертегі фольклорымен таныстыру; шет тілін пайдалану арқылы ойнату жағдайында, отбасы үшін әдетті, тұрмыста, оқу қатынасында жеңіліс табатын әлеуметтік рөлдер спектрін дамыту есебінен балаларды жаңа әлеуметтік әдіске тарту; оқушылардың интеллектуалдық, сөйлеу және танымдық қабілеттерін дамыта отырып, ана тілінде және шет тілінде бақылап отыратын, жан-жақты лингвистикалық түсініктерін қалыптастыру жағдайлары себепші болуы керек.

Ғалымдар балаға ерте жастан шет тілін үйрету оның ақыл-ойының жақсы дамуына ықпал ететінін және сәбидің ерте жасында жылдам қабылдау жүйесі жақсы жұмыс істейтінін айтады. Мәселен, америкалық ғалым, адамның әлеуетті мүмкіндіктерін дамыту институтының директоры Глен Доманның пікірінше,

сәбидің миы 3 жасқа дейін өте жоғары жылдамдықта дамиды екен. Демек, балалардың ақыл-ой дамуы 3 жасқа дейін өте жоғары дәрежеде болады.

Глен Доман: «кез келген ересек адам олқылық комплексін меңгергісі келсе, онда оған біржарым жасар сәбимен шет тілін үйренуден жарысса жетіп жатыр» дейді. Бұл жерде ғалым екі тілді отбасында туылған балаларды меңзеп тұр. Өйткені олармен жасты балалар бір тілде сөйлеуге енді үйрене бастағанда, мұндай балалар бірден екі тілді меңгеріп үлгереді. Глен Доманның айтуынша, бұл ең үлкен лингвистикалық сиқыр. Расында да бұнымен келіспеске болмайды. Өйткені, қазіргі заманда балаларға ресми білім беру мидың белсенді дамуынан кейін басталады. Нәтижесінде сәбиге 6 жасқа дейін алып үлгеретін дүниені үйрену үшін көп жылы кетеді. Бұл ретте балаға мектепке дейінгі жасында тілді оқыту нәтижелі, өте оңтайлы екен.

Жапондық «Sony» корпорациясының негізін қалаушылардың бірі Масару Ибука «3 жастан кейін кеш болады» атты балаларды ерте жастан дамытуға арналған кітабында: «Біз 3 жастан жоғары балаларды неге үйретуге болады деген мәселеге көп назар аударамыз. Бірақ ол жастағы баланың миы 70-80% дамып қояды» дей келіп, демек бұл бізге баланың миын 3 жасқа дейін дамытуға күш салу керек дегенді нұсқап отырған жоқ па? деп сауал тастайды және өзі жауап береді. Оның пікірінше, ерте дамыту дегенде емшектегі баланы фактілермен және сандармен күштеп қоректендіруді міндеттеп тұрған жоқ. Бастысы – «уақытында» жаңа әдісті енгізу керек.

Демек, «Мидың физиологиясын және бала психологиясын зерттеу нәтижесі сәбидің ақыл-ой қабілетінің даму кілті – бұл оның алғашқы 3 жылдағы жеке танымдық тәжірибесі екенін көрсетті. Ешкім данышпан болып тумайды, сол сияқты ақымақ болып та жаратылмайды. Бәрі мидың алғашқы 36 айдағы даму ынтасы мен деңгейіне байланысты. Балабақшада, тіпті мектепте тәрбиелеуге ол кезде кеш болады» - дейді Масару Ибука.

Ал «Сәбидің интеллектуалдық дамуы» әдістемесінің авторы Павел Тюленев: "Егер сіз жақсы әрі үлгілі оқитын, дарынды әрі жетістіктерге қол жеткізе алатын, қабілетті және дені сау балаларды тәрбиелеуді армандасаңыз, уақытты текке жоғалтпаңыз, қабілет пен дарын өздігінен білінбейді" дейді. П.Тюленевтің пікірінше, мидың дамуын ынталандыратындықтан, балаға ерте жастан тіл үйретудің пайдасы болмаса зияны жоқ. Бұрын ақсүйек отбасылары бала туылғаннан бастап оның тәрбиесімен айналысатын гувернант-француз әйелін қызметке алған, кейін бонна-неміс әйелі немесе ағылшын әйелі пайда болды. Бұларды баланың шет тілінде сөйлеп үйренуі үшін алған екен.

Жоғарыдағы келтірілген ақпараттарға дәйек ретінде кейбір деректерге қарайтын болсақ, Ресейде XIX ғасырда үш шет тілінде: ағылшын, француз, неміс тілдерінде сөйлей алатын балалар болған. Шет тілін ерте жастан оқыту мәселесі педагогикалық баспаның басты назарында болды және орыс журналдарының, сонымен қатар К.Д.Ушинский, Е.Водовозова, Е.И.Тихеева сияқты әдіскерлердің педагогикалық, психологиялық, әдістемелік әдебиеттерінде талқыланды. Бұл балаларды ерте жастан оқыту әдістемесінің қалыптасу кезеңі болып есептелді.

Тіл мамандарының пайымдауларын қорытындылай келе, мектепке дейінгі ұйымдарда қазақ тілін үйрету мен қазақша тіл дамыту жұмыстарын ұйымдастаруда педагог төмендегі қағидаларды есте ұстау керек.

1. Балабақшадан бастап қазақ тілін оқытудың басты міндеті – балалардың жастайынан өздері күнделікті жүрген ортасында мемлекеттік тіл болып бекіген жергілікті тұрғындардың тілін түсінетін, тіпті сол тілді қарапайым формада қолдана білуге үйрету.

2. Екінші тілге үйретуде психологиялық тиімді жағдай тудырудың бір жолы – балалардың бойында басқа тілді үйренудің ешқандай қиындығы жоқ деген түсінік қалыптастыру.

3. Қазақша түсініп сөйлесе бастайтын балалар тобында қысқаша синтагмалар үш-төрт жастан ұсынылады. Қазақ тілін алғаш рет үйрету жүйесінде, яғни таза орыс тілді топтарда, қарым-қатынасқа түсіретін қысқа синтагмалар үшінші, төртінші сабақтарда амандасу, танысуға үйрету. «Не бар, не жоқ?» ойынын ойнату кезеңдерінде қысқа сөйлем үлгілері түрінде беріледі. Дегенмен, мұндай синтагмалар басқа сөйлем байланыстарымен ілесіп сөйлеу тілінің негізін құрай алмайды. Сондықтан лингвистикалық материалдарды жүйелі түрде балалардың өзара және айналасындағылармен қазақ тілінде тілдік қатынасқа түсу бағытында берілуін ескеру қажет.

4. Бала тілді бөлшектеп үйренбеуі керек, тіл әр уақытта үйретілсе де, бір тұтастықта, баю, жетілу тұрғысында қабылдануы тиіс. Мұндай тұтас қабылдау «тілді сезіну» деп аталады. Балалар қазақ тілін меңгеріп келе жатқандығын өздері сезіп отырулары керек. Олардың өзге тілді өте жоғары дәрежеде қабылдануына педагогпен немесе өзара тілдік қарым-қатынасқа түсіретін жағдаяттар (ситуациялар), сол сияқты ерекше ұйымдастырылған тілдік әрекеттер қатты әсерін тигізетінін әрдайым естен шығармау керек.

5. Балабақшада қазақ тілі сабақтары жас ерекшелігіне қарай аптасына бір, екі рет 15-30 минут ұзақтықта болуын, балаға меңгертілетін тілдік дағдылар бала психологиясына салмақ түсірмейтіндей, ойын-тапсырмалары баланың жас ерекшелігіне сай болуын ескеру қажет. Мысалы, шығармадағы сөздердің, тіркестердің мәнін бейнелейтін тірек суреттер мен тірек-сызбаларды сөз тіркесін, сөйлемдер құрастыру үшін қолданып отыру қажет.

6. Балаларға оқу іс-әрекет барысында берілетін білімді сабақтан тыс уақытта балабақша қызметкерлерінің көмегімен көркем-әдеби және көрнекті жайма кітаптар (панорама), арнайы әзірленген құралдар арқылы бекітіп отыру қажет.

Осы келтірілген педагогикалық, психологиялық, дидактикалық, лингвистикалық заңдылықтар мен талаптар балаларды мемлекеттік тілде сөйлеуге үйрету, сөйлеу тілін дамыту кезеңдерінде ескерілу керек.

**Бағдарлама бойынша тақырыптар жоспары**  
Екінші сәбилер тобы (3-4 жас)

№	Тақырыптары	Мақсаты	Негізгі меңгеретін сөздері	Сағат саны
1	Балабақша	Балабақша жайлы жаңа сөздермен таныстыру, сөздік қорларын молайту	тәрбиеші, күтуші, аспаз	1
2	Отбасы	Отбасы ұғымымен таныстыру, өз отбасылары туралы қазақ тілінде айта білуге үйрету	ана, әке, ата, әже	1
3	Ойыншықтар	Ойыншық атауларын қазақ тілінде айтқызу, оларды көрсету арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту	қуыршақ, қонжық, мәшине	1
4	Күз мезгілі	Жаңа сөздермен таныстыру арқылы дыбыстарды дұрыс айта білуге үйрету, сөздік қорларын байыту	жапырақтар, ағаштар, сарғаяды	1
5	Көкөністер	Күз мезгілі туралы әңгімелеу, көкөніс атауларымен таныстыру	қияр, пияз және т.б.	1
6	Жемістер	Балаларға жеміс атауларын қазақша үйрету арқылы қызығушылықтарын арттыру	алма, алмұрт және т.б.	1
7	Қыс мезгілі	Балаларға қыс мезгілі жайлы әңгімелеу, қысқа өлең шумақтары арқылы есте сақтау қабілеттерін арттыру	қар, аяз, ақша қар	1
8	Жаңа жыл	Жаңа сөздер арқылы сөздік қорларын дамыту, сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру	жаңа жыл, аяз ата, ақшақар	1
9	Үй жануарлары	Үй жануарларының атауларын айтқызу арқылы қазақ тіліне тән дыбыстардың дыбысталуын үйрету	ит, мысық, жылқы, сиыр, қой, ешкі	1
10	Суретпен жұмыс	Әртүрлі суреттер көрсету арқылы, оларды айта білуге, өз ойларын еркін жеткізе білуге үйрету	қарындаш, бояу, қағаз	1
11	Үй құстары	Үй құстарының атауларын үйрету арқылы жаңа сөздерді меңгерту, есте сақтау қабілеттерін арттыру	тауық, қаз, үйрек	1
12	Дала құстары	Үй құстары мен дала құстарының атауларын ажырата білуге үйрету	торғай, сауысқан, қарға	1
13	Көктем	Көктем мезгілі туралы әңгімелей білуге, сөздерді дұрыс қолдануға, өз ойларын еркін айта білуге үйрету	қар ереді, күн жылынды	1

14	Наурыз мейрамы	Наурыз мейрамы туралы әңгімелеу, есте сақтау қабілеттерін дамыту	наурыз, наурыз көже, бидай, тары	1
15	Менің Астанам	Астана жайлы әңгімелеу арқылы елін, Отанын сүйуге тәрбиелеу	бас қала, ғимарат, көше	1
16	Өзі жайлы әңгіме	Өздері жайлы әңгімелей білуге, өз ойларын еркін жеткізуге үйрету	мен, менің, біз, біздің	1
17	Санамақтар	Санамақтарды жатқа айта білуге үйрету арқылы есте сақтау қабілеттерін арттыру	бір, екі, үш, төрт, бес Кері санау	1
18	Өткенді қайталау	Өткен тақырыптарды еске түсіре отырып өз ойын еркін жеткізе білуге үйрету		1
<b>Барлығы: 18 сағат</b>				

*Ортаңғы топ (4 жастан 5 жасқа дейін)*

<b>№</b>	<b>Тақырыптары</b>	<b>Мақсаты</b>	<b>Негізгі меңгеретін сөздері</b>	<b>Сағат саны</b>
1	Балабақшада	Жаңа сөздермен таныстыру арқылы сөздік қорларын молайту, есте сақтау қабілеттерін арттыру	тәрбиеші, күтуші, әдіскер, аспаз, меңгеруші	1
2	Менің отбасым	Өз отбасылары туралы әңгімелей білуге үйрету	ана, әке, ата, әже, іні, аға, әпке, қарындас	1
3	Менің ойыншығым	Қазақ тіліне тән дыбыстарды ажырата білуге үйрету	қуыршақ, қонжық, мәшине, жұмсақ ойыншықтар, аю	1
4	Алтын күз	Күз мезгілі туралы әңгімелей отырып, түстерді ажырата білуге үйрету	жапырақтар, ағаштар, сарғаяды, жаңбыр, жел	1
5	Киімдер	Күнделікті киетін киімдерін атай білуге, ажырата білуге үйрету	аяқ киім, бас киім, көйлек, шалбар, тон, қолғап	1
6	Дене мүшелері	Жаңа сөздерді меңгерте отырып, дене мүшелерін атай білуге дағдыландыру	бас, көз, құлақ, мұрын, ауыз, бет, қол, аяқ	1
7	Менің Отаным – Қазақстан	Туған елін, жерін, Отанын сүйуге тәрбиелеу	Туған жер, Отан, табиғат	1
8	Қыс мезгілі	Жыл мезгілдерін суреттей отырып, қыс мезгілінің ерекшеліктерін айтуға, табиғатты қорғауға тәрбиелеу	Қар жауды, күн суық, аяз, қалың киім	1
9	Жаңа жыл	Жаңа сөздерді меңгерте отырып, тілге деген қызығушылықтарын арттыру	жаңа жыл, аяз ата, ақша қар, сыйлықтар	1
10	Суретпен жұмыс	Суреттер көмегімен сұрақтарға жауап бере білуге, өз ойларын еркін жеткізе білуге үйрету	қарындаш, бояу, қағаз, қалам	1
11	Азық-түлік	Күнделікті тұрмыста пайдаланатын азық-түлік атауларын қазақша атауға дағдыландыру	Нан, май, ет, сүт, айран, шырын, қант	1
12	Тағамдар	Дұрыс тамақтанудың адам ағзасы үшін пайдасын түсіндіру	Ыстық тамақтар, сорпа, тұшпара	1
13	Көктем келді	Көктем мезгіліндегі ерекшеліктерді ажырата білуге, табиғатты сүйуге тәрбиелеу	Күн жылынды, жер көгерді, ағаштар бүршік жарды	1
14	Наурыз мейрамы	Наурыз мейрамы туралы әңгімелей отырып, сөздік қорларын, тілдерін дамыту	наурыз, наурыз көже, бидай, тары	1

15	Менің аулам	Өз аулалары туралы әңгімелей білуге, сұрақтарға жауап бере білуге үйрету	Аула, балалар, доп, алтыбақан, турник	1
16	Санамақтар	Қуырмаш өлеңін үйрету арқылы қазақша санай білуге дағдыландыру	Бір, екі, үш, төрт, бес, алты, жеті, сегіз, тоғыз, он Кері санау	1
17	Үй жануарлары	Үй жануарларын, олардың төлдерін қазақша атай білуге үйрету	Сиыр, бұзау, ешкі, қой, қозы	1
18	Қайталау	Өткен тақырыптарды еске түсіру, өз ойларын еркін жеткізе білуге дағдыландыру		1
<b>Барлығы: 18 сағат</b>				

Ересектер тобы (6 жас)

№	Тақырыптары	Мақсаты	Негізгі меңгеретін сөздері	Сағат саны
1	Менің балабақшам. Балабақша бөлмелері	Сөздік қорларын дамыту, байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру	тәрбиеші, күтуші, жаттығу жұмыстары, бөлме, жұмыс бөлмесі	2
2	Отбасы мүшелері. Менің отбасым	Өз отбасылары туралы әңгімелей білуге және сұрақтарға жауап бере білуге үйрету	ана, әке, ата, әже, іні, аға, әпке, қарындас, туысқан	2
3	Біздің ойыншықтарымыз. Менің ойыншығым	Қазақ тіліне тән дыбыстарды ажырата білуге үйрету, ұқыптылыққа тәрбиелеу	қуыршақ, қонжық, мәшине, жұмсақ ойыншықтар, аю	2
4	Алтын күз. Көкөністер	Күз мезгілі туралы әңгімелей отырып, өз ойларын еркін жеткізе білуге үйрету	жапырақтар, ағаштар, сарғаяды, жаңбыр, жел	2
5	Үй жануарлары. Жайлауда	Қазақ халқы үшін төрт түліктің маңыздылығы туралы мағлұмат бере отырып, мақал-мәтелдер, жұмбақтар арқылы тілдерін жаттықтыру	Сиыр, жылқы, қой, ешкі, жайлауда, мал бағады, бақташы, малшы, шопан	2
6	Жеміс-жидектер	Жаңа сөздерді меңгерте отырып, жеміс-жидектерді атай білуге дағдыландыру	Алма, алмұрт, жүзім, анар, бұлдірген, қарақат	2
7	Менің – Отаным! Мемлекеттік рәміздер	Туған елін, жерін құрметтеуге, мемлекеттік рәміздерді қадірлеуге тәрбиелеу	Туған жер, Отан, ту, елтаңба, әнұран, көгілдір, шаңырақ, уық, қанатты пырақ	2
8	Қазақтың ұлттық ойындары	Ұлттық ойындарды ойнату арқылы ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту, топпен жұмыс істеуге жұмылдыру, ауызекі сөйлеуге дағдыландыру	Алтыбақан, қыз қуу, тоғызқұмалақ, тақия тастамақ, бәйге	2
9	Ертегілер елінде	Қазақ ертегілерін басқа халық ертегілерімен салыстыру арқылы тілге деген қызығушылықтарын арттыру	Ер Төстік, Саққұлақ, Таусағар, Көлтауысар, жезтырнақ, қу түлкі, т.б.	2
10	Жаңылтпаштар	Жаңылтпаштарды үйрету арқылы тілдерін дамыту, тіл мәдениетін жетілдіру	Жаңылтпаш, тілді үйрету, жаңылдыру	2
11	Аңдар. Орманға саяхат	Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айта білуге дағдыландыру, жан-жануарларды, табиғатты қорғауға тәрбиелеу	Аю, қасқыр, түлкі, қоян, ну орман, құстардың дауысы	2



12	Байтақ дала. Суреттеме жұмбақтар	Сөздік қорларын, сөйлеу стилін қалыптастыру	Байтақ, кең, үлкен, табиғат, тау, су, аспан, орман, тоғай	2
13	Қазақстан - тәуелсіз мемлекет. Қазақстан қалалары	Отанына, Туған еліне деген патриоттық сезімдерін қалыптастыру	Егеменді, тәуелсіз, дамушы елдер, Астана, Алматы, Семей, Талдықорған, Қарағанды т.б.	2
14	Қысқы табиғат. Қыс қызығы	Жыл мезгілдерін суреттей отырып, қыс мезгілдерінің ерекшеліктерін айтуға, табиғатты сүюге тәрбиелеу	Қыс, аяз, мұз, суық, сырғанақ, шаңғы, шана	2
15	Күн тәртібім. Оқып білім аламыз	Күн тәртібі, балабақшадағы сабақтары, үйренгені, білгені туралы әңгімелей білуге дағдыландыру	Таңертең, ерте, жуынамын, жаттығу жасаймын, киінемін, балабақшаға барамын	2
16	Ойыншықтар дүкені. Қуыршақ театры	Сөздік қорларын молайту, байланыстыра сөйлей білуге дағдыландыру	Қуыршақ, пойыз, паравоз, түрлі түсті ойыншықтар	2
17	Жаңа жыл. Суретпен жұмыс	Жаңа жыл туралы әңгімелей білуге, суреттер көмегімен сұрақтарға жауап бере білуге, өз ойларын еркін жеткізе білуге үйрету	Аяз ата, ақшақар, сыйлықтар, тарту етті, әдемі, өте қызықты	2
18	Қазақ батырлары. Ерлігің естен кетпес	Қазақ батырларының ерлігімен, батырлығымен таныстыру арқылы ерлікке, ержүректікке тәрбиелеу	батыр, ер, жау, соғыс, ерлік көрсетті	2
19	Ғарышкерім – намыскерім. Мен – ұшқыш боламын!	Қазақ ғарышкерлерімен таныстыру арқылы ой- өрісін, қиялын дамыту	тұңғыш ғарышкер, ғарыш кемесі, ғарыш, т.б.	2
20	Салауатты өмір салты. Шынығамыз, шымыр боламыз!	Денсаулықтың пайдасы туралы әңгімелей отырып тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу	Денсаулық, жүгіру, шынығу, таза ауада демалу	2
21	Азық-түлік. Дүкенде	Азық-түлік атауларын қазақша атауға дағдыландыру	Айран, сүт, қант, кәмпит, нан, май, сатып алды, сатушы, ақша, тиын	2
22	Тағамдар. Қазақтың ұлттық тағамдары	Ұлттық тағамдармен таныстыра отырып сөздік қорларын, сөйлеу дағдыларын қалыптастыру	Асылған ет, қазы, қарта, қымыз, шұбат	2
23	Ұлттық киімдер. Ұлттық киімдердің ерекшелігі	Қазақтың салт-дәстүрлерін, ұлттық құндылықтарын құрметтей білуге тәрбиелеу	Сәукеле, бөрік, кимешек, шапан, ішік, тымақ, тақия	2
24	Дене мүшелері. Тазалық - денсаулық кепілі	Сөйлеу қабілеті мен танымдық деңгейлерін арттыру, дұрыс сөйлем құра білуге дағдыландыру	Бас, қол, аяқ, ауыз, көз, мұрын, құлақ, жуыну, шомылу, тісті тазалау	2

25	Қош келдің көктем! Суретпен жұмыс	көктемгі табиғатпен таныстыру арқылы шығармашылық ойлау қабілеттерін арттыру және ішкі сезімдерін суреттер арқылы дамыту	Күн жылынды, қар еріді, жер көгере бастады, ағаштар бүршік жарды, т.б.	2
26	Армысың, өз- Наурыз!	Наурыз айының ерекшелігі туралы, бұл айдағы мерекелер туралы әңгімелей отырып сөздік қорларын дамыту, тілдік дағдыларын қалыптастыру	Наурыз айы, күн мен түн теңеседі, жаңа жыл, наурыз көже, т.б.	2
27	Жаттығу жанның тынысы. Ойнаймыз да, ойлаймыз!	Бой сергіту барысында қимыл-қозғалыстарын өлең жолдары арқылы айтқыза отырып тілдерін дамыту	Өлеңдер, тақпақтар, жаттау, тілді жаттықтыру, бой сергіту, т.б.	2
28	Санамақтар. Бала тілі – бал	Қуырмаш өлеңін үйрете отырып достыққа, адамгершілікке тәрбиелеу	Қуыр, қуыр, қуырмаш, қолыңды аш, бас бармақ, балаң үйрек, ортаңғы терек, шылдыр шүмек, кішкентай бөбек	2
29	Көрікті көктем. Құстар біздің досымыз	Табиғатты қорғауға, құстарды аялауға үйрету	Табиғатты қорғау, аялау, құстарды қорғау, жыл құстары	2
30	Ән көңілдің ажары	Қазақ халқының ән-күйлерін бойларына сіңіру арқылы өнерге деген қызығушылықтарын арттыру	Ән, күй, халық әндері, т.б.	2
31	Қазақтың ұлттық аспаптары	Әр аспаптың шығу тарихы, жасалу ерекшелігі туралы түсіндіру арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту	Домбыра, жетіген, сазсырнай, қобыз, қылқобыз	2
32	Табиғатты аялайық. Менің аулам	Табиғаттағы жанды-жансыз заттарға қамқорлық жасауға баулу, өз аулалары туралы әңгімелей білуге дағдыландыру	Аулада ойнаймыз, серуендейміз, қыдырамыз, т.б.	2
33	Алақай, жаз келді! Суретпен жұмыс	Жаз мезгілі туралы әңгімеу, тілге деген қызығушылықтарын арттыру	Күн ыстық, өзенге шомыламыз, бассейнге барамын, саябақ, демаламыз, теңіз жағалауы	2
34	Әріптер әлемі. Біз мектепке барамыз	Білім-білік дағдыларын дамыту, өз ойларын еркін жеткізе білуге үйрету	Әріп, дыбыс, жазылуы, айтылуы, санаймыз	2
35	Біз қазақша сөйлейміз. Қош бол, сүйікті балабақшам!	Өз ойларын еркін жеткізе білуге дағдыландыру	өлеңдер жаттау, ертегіні әңгімелеу, мақал-мәтелдер,	2

			жаңылтпаштар, жұмбақтар	
36	Диагностика. Қайталау	Жыл бойы өткенді қайталау, баланың тілді меңгеру деңгейін қорытындылау		2
<b>Барлығы: 72сағат</b>				

## ҚАЖЕТТІ РЕСУРСТАР

*Қазақ тілі кабинетіне қажетті ресурстар мен құрал-жабдықтар:*

1. Компьютерлер немесе ноутбуктер, құлаққаптар (наушниктер);
2. Электронды оқу құралдары;
3. Аудио, бейне материалдар;
4. Жылжымалы тақта;
5. Проектор, экран, интерактивті тақта;
6. Жас ерекшелігіне сай әдебиеттер (ауыз әдебиеті үлгілері);
7. Шағын және көлемді суретті кітаптар;
8. Ұлттық қуыршақтар (сахналық көріністер үшін);
9. Ұлттық ойын жабдықтары;
10. Дидактикалық материалдар және т.б.

## КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ

### *Екінші сәбилер тобы:*

- Екінші сәбилер тобындағы балаларға 300 сөзден 1000-ға жуық сөздерді меңгерту арқылы сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымын қалыптастыру;
- күнделікті тұрмыста айналадағы заттардың атын қазақша атауға, бір бірімен мемлекеттік тілде сөйлеуге және ересектің түрлі сұрақтарына жауап беруге дағдыландыру;

### *Ортаңғы топ:*

- Ортаңғы топтағы балаларға барлық дыбыстарды үйрету арқылы сөздік қорын 1000-нан 3000 сөзге дейін жеткізу;
- ересектердің көмегімен шағын тақпақтар мен өлеңдерді жатқа айтуға дағдыландыру;
- кейбір өсімдіктердің атауларын, жануарларды және олардың төлдерінің атауларын толық меңгерту.

### *Ересектер тобы:*

- Ересектер тобындағы балалардың сөздік қорын 3000 сөзден 5000 сөзге дейін жеткізу;
- оқу іс-әрекет барысында педагогтың көмегімен көркем әдебиет шығармаларынан үзінділерді тыңдауға, мазмұндауға, суреттер бойынша әңгіме құрауға дағдыландыру.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан жолы - 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жыл 17 қаңтар.
2. Абтикалыков Н.Б. Педагогикалық пәндерді оқытуда инновациялық технологияларды пайдалану., Қызылорда, 2012 жыл.
3. Бақраденова А.Б. Мектеп жасына дейінгі балалардың ауызша сөйлеу тілін дамыту. Оқу-әдістемелік құрал. – Павлодар: ПМПИ баспасы, 2012. - 153 б.
4. Бұзаубақова К.Ж. Жаңа педагогикалық технология. Оқулық. Тараз.ТарМУ.2003.
5. Ерте жастағы (1 жастан бастап 3 жасқа дейінгі) балаларды тәрбиелеу мен оқытуға арналған «Алғашқы қадам» бағдарламасы. - Астана, 2010. - 88 б.
6. Караев Ж.А. Педагогическая технология обучения.-Алматы: Респ.изд.кабинет, 1999.-55 б.
7. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасы орта білім жүйесін ақпараттандыру жөніндегі Мемлекеттік бағдарламасы. –Алматы, 1997.
8. Қалиев С.Н. «Құлжанова - мектепке дейінгі педагогиканың негізін салушы». Хабаршы - педагогика сериясы, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институты. 2008.
9. Мектепке дейінгі ересек жастағы (5 жастан бастап 6 жасқа дейінгі) балаларды тәрбиелеу мен оқытуға арналған «Біз мектепке барамыз» бағдарламасы - Астана, 2010. - 89б.
10. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас пен қатысым әдісінің ғылыми-теориялық негіздері. Пед.ғыл.докт.дис.-Алматы, 1996 – 345 б.
11. Пассов Е.И. Коммуникативный метод обучения иноязычному говорению. 2 изд. М. Просвещение, 1991. -312 с.
12. Сағындықов Е. «Қазақтың ұлттық ойындары», Алматы, «Рауан»-1991.
13. Самратова Б.К. Қазақ тілі мұғалімдеріне арналған әдістемелік құрал. Астана, 2011 - 46 бет.
14. Төлеубекова Р.К., Жұмабекова Ф.Н. Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиешілердің кәсіби күзіреттілігін жетілдірудің басым бағыттары.
15. Тілді меңгерудің халықаралық стандарттары негізінде «Балабақша-мектеп-колледж-жоғары оқу орны» жүйесінде мемлекеттік тілді үздіксіз оқытуды енгізудің әдістемелік негіздері. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. – 99 б.

## МАЗМҰНЫ

1. Кіріспе.....	3
2. Мектепке дейінгі ұйымдардағы мемлекеттік тілді үздіксіз оқыту жүйесінде ағымдағы жағдайды талдау .....	6
3. Мақсаты, міндеттері, мақсатты индикаторлар және бағдарламаны жүзеге асырудағы көрсеткіштер нәтижесі .....	7
4. Бағдарламаны жүзеге асыру кезеңдері.....	9
5. Қажетті ресурстар .....	52
6. Күтілетін нәтиже .....	53
7. Пайдаланылған әдебиеттер .....	54

## **БЕЛГІЛЕУЛЕР ҮШІН**